EGEMEN QAZAQSTAN

egemen.kz E-mail: info@egemen.kz | 22 ҚАРАША 2025 ЖЫЛ, СЕНБІ №226 (31206) | FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Қазақстан – Армения:

Сенім мен жауапкершілікке негізделген серіктестік

Армения Премьер-министрі Никол Пашинян елімізге мемлекеттік сапармен келді. Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманды Ақордада салтанатты рәсіммен қарсы алды. Әдеттегідей тараптар бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырып, Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң, екі елдің әнұрандары шырқалды.

Суреттерді түсірген – АЛҒЫСЕНБАЕВ, Е.УКІБАЕВ

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Күнгей Кавказдағы маңызды әріптес

– Аса құрметті Никол Вовaевич, Қазақстанға қош келдіңіз! Сіздің сапарыңыз өте маңызды. Екі елдің стратегиялық серіктестік деңгейіндегі қарым-қатынасының дамуына үлкен серпін береді деп сенеміз. Бұл – Қазақстанға алғашқы сапарыңыз. Шын мәнінде, қазақ халқы Армения жұртына, тарихына, салт-дәстүріне, мәдениетіне зор құрметпен қарайды. Сапар барысында бірқатар маңызды келісімге қол қойылады, – деді екіжақты келіссөздерді ашқан Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Никол Пашинян Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанға ресми сапармен шақырып, Астанада қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтты.

– Бұл сапар біздің екіжақты қарым-қатынасымызға тың серпін береді. Қос мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңі Сіздің былтыр Арменияға жасаған ресми сапарыңыздан бастау алды. Соның нәтижесінде маңызды келісімдерге қол қойылды. Оның кейбірі жүзеге асырылды, қалған бөлігі орындалу үстінде. Қазақстанға ресми сапармен келу – мен үшін зор мәртебе, – деді Премьер-министр.

Содан кейін Қазақстан Президенті мен Армения Премьер-министрі екі елдің делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ пен армян достығы берік, сыйластығы жарасқан халықтар екенін атап өтті.

– Армения – Қазақстанның Оңтүстік Кавказдағы басты саяси және сауда-экономикалық серіктесінің бірі. Қазақ жұрты армян халқын ерекше қадірлейді. Оның терең тарихына, бай мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарайды. Қазір Армения Қазақстан азаматтары көп баратын туристік елдің біріне айналды. Биыл қос халықты жақындастыра түскен айтулы оқиғалар болды: Арменияда алғаш рет Қазақстанның мәдениет күндері өтті. Ереванда ұлы ақын және ағартушы Абай Құнанбайұлының құрметіне саябақ ашылды. Осы маңызды бастамаларға қолдау көрсеткеніңіз үшін Сізге, құрметті Никол Вовaевич, зор алғыс білдіремін. Мұны қазақ еліне деген ерекше ілтипатыңыз деп бағалаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Астана мен Ереван арасында барлық деңгейде ашық әрі сенімді саяси диалог қалыптасқан. Халықаралық және өңірлік ұйымдар аясында тығыз, нәтижелі ынтымақтастық жолға қойылған.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және ғылым-білім саласындағы ықпалдастығы дәйекті түрде дамып келе жатқанына тоқталды. Сондай-ақ мемлекетаралық байланыстар конструктивті сипат алғанын әрі оны жан-жақты кеңейтуге айтарлықтай әлеует бар екенін жеткізді.

Армения Премьер-министрі бұл сапар екіжақты қарым-қатынасты тереңдетуге және ынтымақтастықты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтеруге оңтайлы сәт екенін атап өтті.

2 >

Әлеуметтік жобалар уақтылы орындалады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Integra Construction KZ бенефициар меншік иесі Шахмұрат Мүтәліпті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру және өндірістік, тұрғын үй, әлеуметтік нысандарды салу жөнінде баяндалды.

Сондай-ақ Президентке компанияның құрылыс пен теміржол салаларында іске асырып жатқан халықаралық бастамалары туралы ақпарат берілді.

Мемлекет басшысы ел экономикасы үшін мәні зор жобаларды сапалы әрі уақтылы орындаудың маңызды екенін атап өтті.

Шахмұрат Мүтәліптің айтуынша, Integra Construction KZ бірқатар әлеуметтік жобаны қолға алған. Мәселен, компания Алматы қаласындағы «Бағанашыл» балалар үйін 5 млрд теңге жеке қаражаты есебінен қайта жөндеуді бастады.

Сонымен қатар Президентке Қазақстан боксының қазіргі жай-күйі мен жетістіктері, оның ішінде ұлттық құраманың нәтижелері, 2028 жылғы Олимпиада ойындарына дайындық жоспары мен келесі жылға қойылған міндеттер жайында мәлімет берілді.

Түрікменстан Президенті мемлекеттік сапармен келеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 24-25 қараша күндері Астанаға Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов мемлекеттік сапармен келеді.

Сапар аясында тараптар жоғары деңгейде келіссөздер жүргізіп, Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайту перспективасын талқылайды.

То Ламға көңіл айтты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Ламға көңіл айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев жеделхатта Вьетнамның орталық аймақтарында болған су тасқыны салдарынан көптеген азаматтың қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жазған.

Президент табиғи апаттан қайтыс болған адамдардың туыстарына сабыр, ал жарақат алған жандардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірген.

АЛЫСТАҒЫ АҒАЙЫН

Шетелдегі қазақ ғалымдары: интеллектуалдық өрістің жаңа көзі

Төрткүл дүниенің әр шетіне тарыдай шашылған қазақтардың біразы еліміз тәуелсіздік алған соң тарихи отанға ат басын бұрды. Алайда дамыған мемлекеттерде білім алып, сонда қызмет істейтін қандастардың көбі шетелде еңбек етеді. Өзі алыста жүрсе де, жүрегі қазақ деп соққан сол қандастардың тарихи отанына деген сезімі ерекше. Кеше Назарбаев университетінде «Отандас ғалымдар форумы» өтті. Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен, «Отандастар» қорының ұйымдастыруымен тұңғыш рет өткен іс-шараға АҚШ, Қытай, Оңтүстік Корея, Қатар, Франция, Өзбекстан, Моңғолия сияқты елдерден келген 40-тан астам ғалым қатысып, баяндама жасады. Жаңа идеялар мен көзқарастарды талқылау мақсатында ұйымдастырылған жиынға еліміздің 100-ден астам ғалым-зерттеуші қатысты.

Бірлік біздің ең үлкен күшіміз екені даусыз. Ортақ болмысымызды бағалап, болашақ ынтымақтастыққа жол ашу арқылы жаһандық кеңістікте бәсекеге қабілеттілігімізді арттыра аламыз. Аталған форумның ынтымақтастық, жаңашылдық және рухани мұраға адалдық қағидаттары келешекке ұмтылған еліміздің парасатын білдіретіні анық.

7 >

Әскери медицина – қорғаныс саламаттылығының негізі

Әскер сапындағы әрбір сарбаз үшін мықты да мінсіз денсаулық – Отан алдындағы жауынгерлік міндетін адал да талапқа сай атқарудың алғышарты. Күнделікті жаттығу, қатаң тәртіп, ауа райының құбылмалы жағдайлары, физикалық жүктемелер мен тактикалық тапсырмалар жоғары дене дайындығы мен темірдей төзімді талап етеді. Сондықтан денсаулықты күту, дұрыс тамақтану мен тұрақты медициналық бақылау – әскери өмірдің ажырамас бөлігі.

Суретті түсірген – Ерман ОМАР, «EQ»

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

«Мың рет естігеннен бір рет көрген артық» деген сөз бар. Бүгінгі қазақ армиясы сапында сарбаздар саулығы мен өмірі қалай қорғалған? Қарулы күштерімізге қарасты медициналық мекемелер жұмысы жолға қойылған ба? Тиісті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген бе? Салаға қатысты қойылатын сұрақ көп. Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі осы сұрақтың бәріне іс жүзінде көрсету арқылы жауап беру мақсатымен БАҚ өкілдері үшін еліміздің оңтүстігіндегі әскери гарнизондарға арнайы баспасөз турын ұйымдастырды.

6 >

ӨНДІРІС ӨРІСІ

Әлеуеті зор әк зауыты

Суретті түсірген – Алтынбек ҚАРТАБАЙ

Жамбыл облысында өндіріс саласын өркендетуге басымдық беріліп отыр. Атқарылған жұмыстың нәтижесі де көңіл көншітеді. Кейінгі 10 айдың бедерінде өңірде 1 трлн теңгенің өнімі өндірілген. Бұл көрсеткішпен Жамбыл облысы өңірлер арасында көш бастап тұр. Жалпы, облыс аумағындағы 919 кәсіпорында 41 мыңнан астам адам еңбек етіп жатыр. Биыл өңірде бірнеше кәсіпорын ашылған еді. Күні кеше сол үрдіс сәтімен жалғасты.

Табиғат МҰСЫЛМАНҚҰЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірде әлеуетті инвесторлардың қолға алуымен бірнеше өндіріс ошағы салынып жатыр. Олардың кейбірі өз өнімін шығарып үлгерді. Жақында «Тараз» индустриялық аймағында жылына 70 мың тонна жоғары сапалы күйдірілген әк өндіретін кәсіпорын жұмысын бастады. Өнір басшысы Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, Президент пәрменімен қолға алынған жұмыс тоқтаусыз жалғаспақ. Жергілікті атқарушы билік өкілдері өндеу саласына инвестиция тартуға басымдық беріп отыр.

5 >

Қазақстан – Армения:

Сенім мен жауапкершілікке негізделген серіктестік

1 <

– Қазақстан, біздің еліміз үшін өте жақсы үлгі. Біз қазақ халқын құрметтейміз. Осы құрмет екіжақты ынтымақтастығымызды одан әрі дамытуға негіз болады. Өзара ықпалдастығымыздың басты бағыттарын ілгерілету жағдайын жан-жақты талқыладық. Өңірдегі өзгерістерді ескерсек, экономикалық және көлік саласындағы қатынастарымыздың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашылады. Көлік бағытындағы әлеуетті толық жүзеге асыру маңызды. Оның нәтижелі болатынына сенімдімін, – деді Никол Пашинян.

Кездесу барысында сауда-экономика, көлік-транзит, инвестициялық ықпалдастық, тау-кен, ауыл шаруашылығы, цифрландыру әрі жасанды интеллектіні енгізу, денсаулық сақтау, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Ортақ мүддеге тоғыстырған 15 құжат

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян келіссөз қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Қазақстан Президенті мен Армения Премьер-министрінің қатысуымен ресми делегация мүшелері төмендегідей үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттармен алмасты:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Армения Республикасы Үкіметі арасындағы құпия мәліметтерді беру, қолдану, қорғау және сақтау туралы келісім;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Армения Республикасы Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Армения Республикасындағы және Армения Республикасының Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдіктерінің ғимаратын салуға арналған жер телімдерін бөлу туралы келісім;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Армения Республикасы Үкіметі арасындағы 2026–2030 жылдарға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жол картасы;

4. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен Армения Республикасы Аумақтық басқару және инфрақұрылым министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

5. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрландыру министрлігі мен Армения Республикасы Жоғары технологиялық өнеркәсіп министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Армения Республикасы Экономика министрлігі арасында ауыл шаруашылығы өнімдерінің сауда-саттығы жөніндегі ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;

7. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Армения Республикасы Сырты істер министрлігі арасындағы 2026–2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары;

8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Армения Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі арасындағы ынтымақтастықты дамыту бойынша 2026–2027 жылдарға арналған негізгі шаралар жоспары;

9. Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы мен Арменияның Сауда-өнеркәсіп палатасы арасындағы Қазақстан-Армения Іскерлік кеңесін құру туралы келісім;

10. «Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі мен «Арменияның Ұлттық кітапханасы» мемлекеттік коммерциялық емес ұйымы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

11. «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» КеАҚ пен Арменияның Кино қоры арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

12. Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейі мен «Арменияның Ұлттық галереясы» арнайы ғылыми-зерттеу бірлестігінің арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

13. Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі мен Армения Республикасы Аумақтық басқару және инфрақұрылым министрлігі арасындағы атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану бойынша ынтымақтастық туралы меморандум;

14. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Армения Республикасы Білім, ғылым, мәдениет және спорт министрлігі арасындағы ғылым және жоғары білім саласы бойынша ынтымақтастық туралы меморандум;

15. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы мен Армения Республикасының Сыртқы істер министрлігі Дипломатия мектебі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім.

«Алтын Қыран» орденімен марапатталды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Премьер-министрін «Алтын Қыран» орденімен марапаттады. Ол салтанатты іс-шарада қазақстандықтар Никол Пашинянды Арменияның дамуына жаңа леп әкелген, мемлекеттік құрылымның барлық салада қайта жаңғыруына тың серпін берген жалпыұлттық көшбасшы деп білетінін жеткізді.

– Сіздің көреген басшылығыңыздың арқасында Армения орнықты даму жолына түсіп, халықаралық аренадағы позициясын нығайтты. Сондай-ақ ішкі және сыртқы саясатта парасатты, жауапты ұстанымымен үлгі көрсетіп отыр. Сіз

Суреттерді түсірген – А.ДҮЙСЕНБАЕВ, Е.УКИБАЕВ

өте күрделі геосаяси ахуалда қалыптан тыс әрі батыл шешім қабылдадыңыз. Түптің түбінде бұл армян халқына пайдасын тигізетін өте құнды шешім болды. Достас, бауырлас Армения бейбітшілік, орнықты даму жолын таңдағаны анық. Бұл істе Сіздің тарихи еңбегіңіз зор. Вашингтонда қабылданған Армения мен Әзербайжан арасындағы бейбіт келісімді ілгерілетуде елеулі рөл атқарғаныңызды атап өткім келеді, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде қазақ-армян мемлекетаралық байланысы стратегиялық серіктестіктің жаңа деңгейіне көтерілгенін мәлімдеді.

– Бұл іске Сіздің елдеріміз арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты дамытуға белсенді атсалысуыңыз айтарлықтай ықпал етті. Қазақ-армян қарым-қатынасын дамытудағы үлкен үлесіңіз бен айрықша еңбегіңізді ескере отырып, бүгін Сізді Қазақстан Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Бұл – мызғымас бауырластығымыздың, өзара берік сенімнің және халықтарымыздың келешегі жолындағы ортақ ұмтылыстарымыздың жарқын символы, – деді Президент.

Никол Пашинян Қазақстанның ең жоғары наградасымен марапаттағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша қазақ халқына алғыс айтып, мұны отандастарына көрсетілген ерекше құрметтің белгісі ретінде қабылдайтынын жеткізді.

– Мен үшін бауырлас Қазақстан Республикасының ең жоғары наградасына ие болу және оны Сіздің қолыңыздан алу – зор мәртебе. Сізді өте тәжірибелі саясаткер, мемлекет қайраткері, дипломат ретінде білеміз. Сондықтан Сіздің берген бағаңыз мен үшін құнды. Бұл марапат екіжақты қарым-қатынасымызды ғана емес, тұтас өңірдің дамуына септігін тигізеді деп сенемін, – деді Армения Премьер-министрі.

Алғашқы мың тонна астық жеткізілді

Сапар қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді. Президент Арменияны еліміздің маңызды әрі сенімді серіктесі ретінде атады. Екіжақты қарым-қатынас берік достыққа және өзара құрметке негізделген.

– Қазақстанның Армения мемлекетіне және оның халқына деген ықыласы айрықша. Біз армян жұртының терең тарихына, бай мәдениеті мен салт-дәстүріне зор құрметпен, ілтипатпен қараймыз. Осы құндылықтардың негізінде барлық бағыттағы ықпалдастығымыз ұдайы дамып келе жатыр. Біз өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Менің былтыр Арменияға жасаған ресми сапарымның қорытындысы және бүгінгі келіссөздердің нәтижесі – соның айқын дәлелі. Қазақ-армян қарым-қатынасы стратегиялық сипатқа ие болады. Соған сәйкес Бірлескен мәлімдемеге қол қойдық. Бұл шешім екі елдің достығын бекемдеп, сан салалы жаңа ынтымақтастық кезеңіне жол ашары анық, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Никол Пашиняннның Қазақстан мен Армения қарым-қатынасын нығайтуға өлшеусіз үлес қосқанын атап өтіп, оның халықаралық қауымдастыққа күшті басшы, көреген саясаткер, көрнекті мемлекет қайраткері ретінде кеңінен танылғанына тоқталды. Осы орайда Армения Премьер-министрінің айрықша еңбегін ескере отырып, Қазақстанның ең жоғары наградасы – «Алтын Қыран» орденімен марапаттағанын жеткізді.

– Бұл қадам қос халықтың мызғымас достығының жарқын символы әрі өзара байланысты тереңдетуге ұмтылысымыздың айқын көрінісі екені сөзсіз. Мен бүгінгі мазмұнды келіссөздеріміздің нәтижесін жоғары бағалаймын. Біз сауда-экономикалық әрі инвестициялық ықпалдастықты жандандыру мәселесіне баса мән бердік. Өзара алыс-беріс көлемін арттыруға, тауар түрін көбейтуге қатысты нақты шараларды қолға алуға келістік. Өзара сауда айналымын ұлғайту үшін Қазақстан армян нарығына жалпы құны 350 млн доллар болатын тауар ұсына алады. Сондай-ақ біз Арменияның экспорттық әлеуетін қолдауға ниет білдірдік. Оған қоса инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың маңыздылығын атап өттік. Кәсіпкерлер арасындағы байланысты нығайтатын нақты қадамдарды қолға алуға келістік. Жаңадан құрылған Қазақстан – Армения іскерлік кеңесі екі ел бизнес өкілдерінің басын қосып, екі жаққа да тиімді жобаларды жүзеге асыруға тиіс, – деді Президент.

Келіссөзде елдеріміз өнеркәсіп, көлік-логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, құрылыс және басқа да салалардағы серіктестікті дамыта алатынына назар аударылып, соның ішінде көлік-транзит бағытының әлеуетін тиімді пайдалануға баса мән берілген.

– Оңтүстік Кавказдағы жаңа геосаяси ахуал екіжақты және аймақаралық ынтымақтастықты нығайтуға қолайлы жағдай туғызып отыр. Қазақстан Арменияның көлік-транзит саласындағы «Бейбітшілік қиылысы» бастамасын қолдайды. Сондай-ақ біз «TRIPP халықаралық бейбітшілік пен өркендеу жолы» жобасына қатысуға қызығушылық танытып отырғанымызды растаймыз. Осы стратегиялық дәліздерді Транскаспий халықаралық көлік бағдарымен және Солтүстік-Оңтүстік дәлізімен ұштастыру екі елдің де мүддесіне сай келеді. Көлік-транзит саласындағы ашық әрі тиімді ықпалдастық екі жаққа да зор мүмкіндік береді. Мен Әзербайжан басшысына санкцияларды алып тастап, өз елі арқылы екіжақты тікелей сауда жүргізу туралы шешім қабылдағаны үшін ризашылығымды білдіремін. Мысалы, биылғы қараша айында Әзербайжан аумағы арқылы Арменияға Қазақстан бидайының алғашқы 1 мың тоннасы жеткізілді. Бұл бастаманың саяси және экономикалық мән-маңызы айрықша. Біз Арменияға жоғары сапалы астық өнімдерін және басқа да тауарларды тұрақты түрде жеткізуге дайынбыз. Осы бағыттағы жұмысқа күш-жігерімізді жұмылдыруға уағдаластық. Екі ел арасында тікелей әуе рейсін ашу және әуемен жүк тасымалдау жұмысын ретке келтіру – маңызды міндеттің бірі. Бұл бағытта нақты жоспарлар бар, тараптар жуық арада тиісті шараларды қолға алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ынтымақтастық аясы кеңейе түседі

Президент цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы ықпалдастықтың әлеуеті зор екенін атап өтті.

– Қазақстанда цифрландыру үдерісі қарқынды жүріп жатыр. Армения IT-технологиялар мен стартап экожүйесінде айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Бұл – екі елдің экономикасын дамытуға тың серпін беретін маңызды сала. Осы орайда жасанды интеллект, жаңа технология және цифрландыру бойынша тәжірибе алмасуға келістік, бұл бағытта бірлескен жобаларды іске асыру мәселесіне тоқталдық. Премьер-министр Пашинян мырза аймақтағы ең ірі IT стартап паркі – «Astana Hub»-тың және «Alem.ai» жасанды интеллект орталығының жұмысымен танысады. Келесі жылы «Alem.ai» негізінде Арменияның «TUMO Astana» халықаралық білім беру орталығы ашылады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени-гуманитарлық байланыстар туралы да айтты.

– Біз білім және ғылым саласындағы қарым-қатынасты дамыту жолдарын талқыладық. Студент алмасу үшін үкіметаралық келісімге қол қоюдың маңыздылығын атап өттік. Екі елдің денсаулық сақтау саласындағы әлеуетін ескере отырып, алдағы жылдары Қазақстанның Арменядағы, Арменияның Қазақстандағы медицина күндерін өткізуге келістік. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық саладағы өзара байланыстар туралы пікір алмастық. Былтыр Астанада Армения мәдениетінің күндері өткенін білесіздер. Ал биыл Ереванда алғаш рет Қазақстанның мәдениет күндері ұйымдастырылды. Армения астанасында Абай Құнанбайұлы атындағы саябақ ашылды. Бүгін елорда көшелерінің біріне ұлы армян ағартушысы Месроп Маштоцтың есімі берілді. Осындай бастамалар халықтарымыздың рухани жақындығын көрсетеді. Бұл – елдеріміздің ұлт перзенттеріне деген шынайы құрметінің көрінісі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы мен мәртебелі мейман өзекті аймақтық және халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасып, көптеген түйткілге қатысты ұстанымдары ұқсас екенін растаған.

– Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда АҚШ Президенті Дональд Трамптың Украинадағы ахуалды реттеуге бағытталған күш-жігерін және ұсынып жатқан жоспарын қолдаймын. Сондай-ақ Қазақстан Армения мен Әзербайжанның бейбітшілік жолындағы ортақ ұмтылысын толық қолдайды. Біз тарихи мәні зор осы үдерістің табысты жалғасуына тілектеспіз, бұл іске атсалысуға қашанда дайынбыз. Мен бұл ұстанымды бүгінгі келіссөз барысында тағы да растадым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті Армения және Әзербайжан арасындағы ұзақ жылға созылған түйткілді реттеу ісіндегі Никол Пашиняннның тарихи миссиясын атап өтіп, оның Оңтүстік Кавказда тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы батыл қадамына, көреген саясаты мен күш-жігеріне жоғары баға берді.

Никол Пашинян армян тарапы ынтымақтастықтың барлық бағытын кеңейтуге дайын екенін растады.

– Қазақстан – біз үшін өте маңызды ел. Өйткені сын сәтінде Армения мен Әзербайжанның сыртқы істер министрлері Алматыда кездесті. Бұл біз үшін өте маңызды болатын. Армения мен Әзербайжандағы бейбітшіліктің Алматы декларациясына негізделетіні баршаға мәлім. Оның саяси және рәміздік мәні зор. Осы ресми сапарымның нәтижесінде Армения мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгеніне қуаныштымын. Бұл өңірдегі ықпалдастықтың жаңа дәрежеге жеткенін көрсетеді, – деді Армения Премьер-министрі.

Күн тәртібі белгіленді

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Бірінші оқылымда медицина қызметкерлеріне физикалық зорлық-зомбылық пен қатыгездік көрсеткені үшін жазаны қатаңдату жөніндегі Президент тапсырмасын орындау үшін әзірленген депутаттардың түзетулері қаралады.

Қылмыстық кодекске медицина мамандары мен жедел жәрдем жүргізушілерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде олардың өміріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне қол сұққаны үшін жауапкершілік жүктейтін нормалар енгізіледі. Құқық бұзушылықтың ауырлығына қарай айыппұл мен бас бостандығын шектеуден бастап бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза қарастырылады.

Екінші оқылымда депутаттар Құрылыс кодексі жобасын талқылайды. Құжаттағы қала құрылысы саясатының нормалары нақтыланып, құрылыстың сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талап күшейеді, сондай-ақ цифрлық рәсімдер мен жария талқылау тетіктері кеңейеді. Бұған қоса ғимараттардың негізгі құрылымына кепілдік мерзімін екі жылдан он жылға дейін ұзарту ұсынылады.

Жалпы отырыстың күн тәртібі жобасына Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы бірыңғай заң жобасы да енгізілді. Аталған құжат арқылы барлық алдын алу жүйесін қайта қарау және қолданыстағы бес заңды ауыстыру көзделген. Сондай-ақ банк секторының тұрақтылығын арттыруға, тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге және ұлттық цифрлық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған банктер және банк қызметі туралы заң жобасы талқыланады. Екі заң жобасы да екінші оқылымда қаралады.

«Жан Шуақ» қоғамдық сыйлығы табысталды

Астанада Мүгедектігі бар адамдардың халықаралық күні қарсаңында «Amanat» партиясының қолдауымен Қазақстан мүгедектер конфедерациясы ұйымдастырған XVIII «Жан Шуақ» қоғамдық сыйлығының лауреаттарын марапаттау рәсімі өтті. Бұл сыйлық жыл сайын қоғамдық және кәсіби қызметте айрықша нәтижеге қол жеткізген ерекше қажеттілігі бар азаматтарға беріледі.

Орынбек ӨТЕМҰРАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Елордадағы Бейбітшілік және келісім сарайында мыңға жуық мейман мен рәсімге қатысушы жиналды.

Сөз басында Мәжіліс спикері, «Amanat» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов партия ерекше қажеттілігі бар адамдарға әрқашан айрықша назар аударатынын, ал «Жан Шуақ» сыйлығын өткізу қадамы өміріміздің ажырамас бөлігіне және тағдыр талқысына тап болған мыңдаған отандасымызға жаңа мүмкіндік берген игі дәстүрге айналғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен әлеуметтік әділеттілікті нығайту, барлық азаматқа тең мүмкіндік ұсыну бағытында елеулі қадамдар жасалып жатыр. Енді бір реттік шаралардан жүйелі шешімдерге, яғни орнықты, толыққанды, нағыз кедергісіз орта құруға көштік. Әлеуметтік қолдау көрсету тетіктері де жетілді. Цифрлық шешімдер енгізілуде. Ол қызметтерді оңай әрі жылдам алуға жол ашып отыр. Бұған қоса инклюзия орталықтарының желісі кеңейіп, білім алуға, еңбек етуге және қоғам өміріне еркін араласуға мүмкіндік туғызылып жатыр», деді ол.

Мәжіліс спикері алдағы уақытта «Жан Шуақ» сыйлығына халықаралық мәртебе берілетінін және оған әртүрлі мемлекеттің көрнекті қоғам қайраткерлері қатыса алатынын айтты. Ол ерекше қажеттілігі бар адамдар күн сайын табандылық танытып, баршаға үлгі болып жүргенін атап өтті. Бүгінде елімізде мүгедектігі бар адамдар өмірдің қиындығын жеңіп қана қоймай, зор жетістікке жеткен оқиғалар да аз емес. Мәселен, жуырда есту қабілеті бұзылған жандардан құралған «Sensitive» би театрының ұжымы Қытайда өткен халықаралық фестивальда Гран-при иеленді. Сондай-ақ 19 жастағы Диана Мырзағалиеваның оқиғасы да талайды таңғалдырды. Ол ауыр дерттен айыққаннан кейін мыңнан аса бала мен волонтер білім алған Инклюзивті академия құрды.

Сондай-ақ партия төрағасы Парламенттің 20 депутаты бас қосқан «Инклюзивті Парламент» депутаттық тобының жұмысы туралы айтты. Олардың тарапынан атқарылып жатқан ауқымды жұмыс арқылы әрбір әлеуметтік маңызы бар заң мүгедектігі бар адамдарды қолдау жөніндегі нормалармен толықтырылып отырады. Атап айтқанда, бүгінде I топтағы мүгедектің жұбайы да жеке көмекшісі атана алады. Сондай-ақ микротия және атрезияға шалдыққан балалар мүгедектігін растамай-ақ есту аппараттарын жергілікті бюджет есебінен ала алды. Сонымен қатар биыл Маракеш келісімі ратификацияланды. Құжат көру қабілеті бұзылған адамдардың кітапқа қолжетімділігін арттыруға, авторлар мен авторлық құқық иелерінен рұқсат алмай-ақ шығармаларды бейімдеуге мүмкіндік береді.

Мәжілісте ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың тұрмысын жақсартуға және білім сапасын арттыруға арналған «Мүмкіндігі шектеулі балаларды кешенді қолдау туралы» жаңа заң жобасы бойынша жұмыс басталды. Ал жуырда депутаттар жаңа Құрылыс кодексін қабылдайды. Онда кедергісіз орта мәселесі негізгі басымдық ретінде айқындалады.

Осылайша, өнеркәсіп және тұрғын үй нысандарын жобалау кезеңінде қолжетімділік мәселесіне қатысты қойылатын талаптар күшейеді.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов жуырда «Amanat» партиясының барлық өңірлік филиалдары жанынан республикалық деңгейге ұқсас инклюзия мәселелері бойынша кеңестер құрылатынын айтты. Олар кедергісіз орта құру, инклюзивті қоғам қалыптастыру, мүгедектігі бар азаматтардың тұрмысын жақсарту бағытындағы өзекті мәселелер шешілетін тиімді қоғамдық алаңға айналады.

Өз кезегінде, Қазақстан мүгедектер конфедерациясының президенті Жанат Омарбекова «Жан Шуақ» сыйлығын тапсыру рәсімі 2008 жылдан бері өткізіліп келе жатқанын және осы жылдар аралығында 130-ға жуық адам марапатталғанын атап өтті. Биыл тағы 8 лауреат анықталды.

«Біздің қоғамда әр адам қандай жағдайда болсын, тең мүмкіндік пен құқыққа ие болуы керек. Бұл – осы қағиданы жүзеге асыратын, басқа түскен қиындықты жеңе білетін, табандылық танытатын, баршамызға шалқар шабыт сыйлайтын жандардың ерен еңбегі ескерілетін сыйлық. Біз ерекше қажеттілігі бар адамдардың тұлға ретінде қалыптасуына қажет жаңа мүмкіндіктер табуына ықпал етеміз. «Amanat» партиясына тұрақты әрі жан-жақты қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреміз», деді ол.

Биыл Қарағандыдан келген қоғам қайраткері Меруерт Жақыпова «Рухының биіктігі мен жеңіске деген талпынысы үшін» сыйлығының иегері атанды. Меруерт церебральды сал ауруы диагнозына қарамастан, инклюзивті білім беру саласында психолог ретінде жүйелі жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ ол азаматтарды ынталандыратын блог жүргізеді және жуырда жеке кәсібін ашты.

«Мүгедектігі бар адамдарға қатысты қоғамдық сананың оң өзгеруіне қосқан үлесі үшін» аталымы бойынша сыйлықты «Қазақ зағиптар қоғамы» ҚБ Қостанай филиалының төрағасы Хамит Исмұратов иеленді. Ол көру қабілеті бұзылған адамдарды оңалту мәселесімен көп жылдан бері айналысады, бос уақытты тиімді өткізу және оқыту бағдарламаларын дамытады, қолжетімді орта құруға күш салады және зағип жандардың құқығын қорғайды.

Астана қаласының тұрғыны, пара армрестлингтен төрт дүркін әлем чемпионы Никита Ермаков «Спорт саласындағы үздік жетістіктері үшін» аталымы бойынша лауреат атанды. Никита спорт саласындағы жетістіктерінен бөлек, мүгедектігі бар адамдарға арналған ашық жаттығулар өткізеді.

Елордалық Құрбанәлі Әбуов «Мәдениет саласындағы үздік жетістіктері үшін» сыйлығының иегері атанды. Ол 2008 жылдан бері арбада отырып билеумен айналысады, «хип-хоп» аталымы бойынша әлем чемпионы атанды, ал 2021 жылдан бері «Қанаттылар» инклюзивті театрында ойнайды.

Талдықорғандық азамат Нұрбек Тұрғанов «Игілік жолындағы ерен еңбегі үшін» аталымы бойынша марапатталды. «Инватакси» қызметінде еңбек жолын бастап, табандылығы арқылы диспетчерден ұйым басшысына дейінгі жолдан өтті.

Өскемендік Юлия Шаршова «Ғылым, білім беру қызметінің дамуына үлес қосқаны үшін, білім алуға талпынысы үшін» аталымы бойынша сыйлық иеленді. Ол 15 жылдан аса уақыттан бері ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеп келеді, аутизм спектрі бұзылған балаларға бейімделген бастауыш білім бағдарламасының авторы саналады.

Астаналық Кенжегүл Кикенова «Өнер саласындағы үздік жетістіктері үшін» аталымы бойынша жеңімпаз атанды. Ол еңбек терапевті болып жұмыс істейді, мүгедектігі бар адамдарға және ерекше қажеттілігі бар балалардың аналарына бисермен кестелеуді және тоқуды үйретеді. Бұл – ерекше қажеттілігі бар адамдарды әлеуметтік тұрғыда бейімдеу және психологиялық қолдау көрсету жұмысының маңызды бөлігі.

Астана қаласының тұрғыны, жүзуден Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы әрі рекорд орнатқан азамат Әли Тұрғанбетов спорт саласындағы ерен еңбегі үшін Иран Омарбеков атындағы қордың арнайы сыйлығымен марапатталады.

Әр лауреатқа 1 млн теңге көлемінде ақшалай сыйлық табысталды.

«Жан Шуақ» қоғамдық сыйлығын табыстау рәсімі эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен мерекелік концертпен түйінделді.

Алатау – заманауи урбанистика үрдісіндегі шаһар

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен кеңесте Алатау қаласын дамыту мәселелері талқыланды. Мемлекеттік органдардың басшылары, сарапшылар мен урбанистер қатысқан жиында Мемлекет басшысы жүктеген – қаланы халықаралық іскерлік, инновациялық және технологиялық хабқа айналдыру міндетін іске асыру тетіктеріне баса назар аударылды.

Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Кеңес мүшелері Президенттің Алатау қаласына даму қарқыны озық қала деген арнаулы мәртебе беру туралы Жарлығы шеңберінде тиісті институционалдық базаны әзірлеу барысы мен инфрақұрылым салу мен инвестициялар тарту жөніндегі шараларды талқылады. «Alatau City Authority» жаңа мемлекеттік қорының қызметіндегі мәселелер қаралды.

Үкімет басшысына әзірленіп жатқан «Алатау қаласының арнайы мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасына қатысты ұсыныстар айтылды, олардың қатарында өзінің жеке реттеушілік пен әкімшілік экожүйесін құру, құқықтық, басқарушылық инновациялар, мемлекеттік сервистердің цифрлық интеграциясы мен тағы да басқалар бар.

Одан бөлек, құрылыс, энергетика, экология, көлік пен ТКШ салаларында, соның қатарында «ақылды» қала технологиясы шеңберінде де, халықаралық стандарттар мен инновацияларды енгізу ұсынылып отыр. Кепілдіктерді қамтамасыз ету мен инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы іс-шаралар да көзделген. Маңызды бағыттардың бірі – роботтехникалық жүйелерді дамыту мен кеңінен пайдалану, сондай-ақ цифрлық активтердің айналымын реттеу.

Кеңес мүшелері Алатау қаласында инженерлік-инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру Жол картасын қарады. Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев бүгінде инженерлік желілерді жоспарлаудың салалық схемалары бекітілгенін, бірінші кезекте жобасы жасалып, құрылысы салынатын 30 нысан анықталғанын баяндады.

Мұнда қолданыстағы ғимараттарды реконструкциялау мен жаңа инфрақұрылым нысандарын салу жұмыстары қатар жүргізіледі. Жаңа нысандар қатарында бірнеше қосалқы стансалар, су жинау торабы, газ құбырлары, кәріз тазарту құрылыстары, автожолдар мен тағы да басқалар бар. Бұл жұмыстарды келесі жылы бастап кету жоспарланып отыр. Инфрақұрылымдық нысандарды салу кезінде «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасының тетіктері пайдаланылатын болады. Сондай-ақ EPC+F құралдарын қолдану мүмкіндігі қарастырылады, мұнда мердігер компания қаржыландырудан бастап жобаның барлық кезеңіне жауап береді.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Алатау қаласының ағымдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы мен жаңа инвестициялық жобаларды іске қосу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Алатау қаласының бюджеті үш есеге өсіп, 8,8 млрд теңгеге жетті. 10 айда өнеркәсіптік өндіріс көлемі 17%-ға артып, 115,6 млрд теңгені құрады. Бұл ретте инвестиция көлемі 13%-ға өсіп, бүгінде шамамен 46,4 млрд теңгеге жетті. Пул 21 мыңнан аса жұмыс орнын ашуды көздейтін 41 инвестициялық жобаны қамтиды. Қазіргі уақытта құны 1 трлн теңге болатын 18 жоба жүзеге асырылуда. Бұл – PepsiCo, United Hygiene, «Молочная долина», АСП арена, QazQon Hub, AB3, Исткомтранс сияқты басқа да ірі компаниялардың логистика, АӨК, тамақ пен жеңіл өнеркәсіп салаларындағы жаңа өндіріс орындары.

Жалпы ауданы 97,9 мың гектарды құрайтын еліміздегі ең ірі Alatau АЭА құру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның 24 мың гектардан астамы қала сыртында орналасқан әрі АӨК өнімдерін қайта өңдеудегі маңызды жобаларды қамтиды. Осы өндіріс орындарына кепілдіктерді сақтау мен жаңа кәсіпорындарды іске қосу мақсатында жаңа өнеркәсіптік-логистикалық АЭА құру туралы әкімдіктің ұсыныстары қаралды. Болашақта бұл Алматы облысында индустриялық, логистикалық, туристік әрі энергетикалық кластерлердің дамуына ықпал етеді.

Бас жоспарды жүзеге асыру аясында Алатаудың сәулет келбеті мен заманауи қала құрылысына қатысты шешімдерге ерекше назар аударылды. «Caspian Group» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Юрий Цхай Iconic building іскерлік орталығының көрнекті ғимараты құрылысын қамтитын, Gate District ауданында жаңа іскерлік ауданды дамытатын жобаны таныстырды. Биылғы қыркүйек айында мемлекет басшыларының қатысуымен өткен Қазақ-қытай іскерлік кеңесі аясында аталған жоба бойынша үшжақты келісімге қол жеткізілді.

Алатау қаласы озық технологиялар трансфері мен инновацияларды кең ауқымда таратуды қамтамасыз етеді. Алатау қаласы жалпы құқықтың жаңа жүйесі мен ынталандырудың арнайы режімдерін енгізудің нәтижесінде халықаралық корпорациялар үшін бірегей жағдай жасамақ. Бұл туралы «Asia Infrastructure Solutions Singapore» компаниясының төрағасы, Алатау қаласын дамыту жөніндегі кеңестің мүшесі Хэн Файн Вонг мәлімдеді. Оның айтуынша, жаңа қала шетелдік бизнеске таланттар мен капиталды еркін тартуға мүмкіндік беретін түбегейлі өзгеше жұмыс моделін ұсынады. Бұл үдерісте «Астана» халықаралық қаржы орталығымен тығыз интеграцияланатын Gate District қаржы кластері ерекше рөл атқармақ.

«Бұл жергілікті ішкі жалпы өнімнің өсуіне елеулі үлес қосады деп ойлаймын. Көптеген өзге де жағдайлардағы сияқты бірнеше мәрте мультипликативті әсер беруі мүмкін. Мұның бәрі қаржы индустриясының қай секторын таңдап алатынымызға байланысты. Біз PropTech-ті, сондай-ақ криптовалюталар мен жаңа цифрлық активтерді бағдар етеміз. Бұл қазір Қазақстанның басқа еш жерінде жоқ индустрияның жаңа түрі», деді Хэн Файн Вонг.

Алатау сондай-ақ Smart City және «төмен биіктіктегі экономика» саласын дамыту үшін де негізгі платформа ретінде қарастырылып отыр, оның ішінде ұшқышсыз ұшу аппараттары мен роботтандырылған таксилерді пайдалану бастамалары бар. Осы мақсаттарға арнайы реттеу режімі қолданылады.

«Егер бұл жоба Алатау қаласында «құмсалғыш» форматында сәтті жүзеге асса, оны ел көлемінде таратуға болады. Бұл елдің ішіндегі қызметті айтарлықтай жандандырады. Мысалы, цифрлық активтер саласында жер мен жылжымайтын мүлікті токенизациялаудың жаңа түрлері пайда болады, бұл шетелдік және жергілікті инвесторлар үшін қолайлы», деген Хэн Файн Вонг, қаланың халықаралық сауда үшін стратегиялық маңызы туралы да айтты. Алатаудың Қытай мен Еуропа арасындағы жолдардың түйіскен жерінде орналасуы бағытыс Қытайдан шығатын жүктерді, босамай жатқан шығыстағы порттарына апармай, тіке тасымалдауға мүмкіндік беретінін атап өтті. Бұл Транскаспий халықаралық көлік бағыты шеңберінде жұмыс істеп жатқан отандық компаниялар үшін кең ауқымды перспективалар туғызады.

Жалпы, Алатауда тұрғын үй құрылысы қазір оң қарқын көрсетіп отыр. Биыл 103 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Халықаралық сарапшыларды тарту мен әлемнің жетекші мегаполистері тәжірибесін зерделеу арқылы қаланың дизайн-коды мен кешенді көлік схемасы әзірленіп жатыр.

Отырыс қорытындысында Премьер-министр тиісті министрліктер мен Алматы облысы әкімдігіне жұмысты жеделдету мен сапалы жүзеге асыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Инфографиканы жасаған – Амангелді ҚИЯС, «EQ»

Еларалық келісімге қол қойылды

Үкімет үйінің ғимаратында Премьер-министр Олжас Бектенов пен елімізде ресми сапармен жүрген Армения Республикасының Премьер-министрі Никол Пашинянның кездесуі өтті.

Елігімай ТӨҢКЕР,
«Egemen Qazaqstan»

Екі елдің Премьер-министрлері саудадан бастап цифрландыру мен туризмге дейінгі сан түрлі бағытты қамтыған кең көлемді кездесуде бас қосты. Әңгіме тек жоспар туралы емес, кейінгі жылдары айтарлықтай артып келе жатқан өзара сенім мен нақты нәтижелерге сүйеніп өрбіді. Осы жолғы келіссөздер екіжақты қатынастардың жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын айқын көрсетті.

Кездесуде ең алдымен сауда экономикалық ынтымақтастық мәселесі сөз болды. Тараптар Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Армения Премьер-министрі Никол Пашинян арасында өткен келіссөздерде қабылданған уағдаластықтарды орындаудың нақты тетіктерін талқылады. Сауда, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп кооперациясы, көлік, цифрландыру, ғарыш саласы, туризм мен мәдени жобалар жеке бағыт ретінде қарастырылды.

Сонымен бірге екі ел арасындағы сауда айналымының кейінгі жылдары алты есе артқаны ерекше аталды. 2020 жылы тауар айналымы 14 млн 200 мың доллар болған. 2024 жылы бұл көрсеткіш 82 млн 800 мың долларға жеткен. 2025 жылдың қаңтар мен қыркүйек аралығында өзара сауда көлемі 41 млн 600 мың доллар болды. Тараптар бұл қарқынды сақтап қалу мақсатында 2026 жылдан 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тауар айналымын ұлғайту туралы жол картасын іске асыруға келісті. Бірлескен өндірістерді еркін және арнайы экономикалық аймақтарда құру, іскерлік байланыстарды кеңейту әрі «Қазақстанның экспорттық кредит агенттігі» арқылы сақтандыру мүмкіндіктерін пайдалану да талқыланды. Сарапшылар осы жұмыстардың нәтижесінде еліміз металлургия, мұнай химиясы мен азық түлік өнімдерін қосымша 350 млн доллар көлемінде экспорттай алады деп есептейді.

Ауыл шаруашылығы бағытында да үлкен әлеует байқалады. Еліміз Арменияға жоғары сапалы бидай жеткізуге қызығушылық танытса, Армения бізге маусымаралық уақытта жаңа піскен жеміс, ерте көкөніс және жаңғақ экспорттауға мүмкіндік бар екенін айтты. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің тауар айналымы 2024 жылы 7 пайызға өсіп, 9 млн 700 мың доллар болған. Ал биыл көрсеткіш өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда 35 пайызға артып, 9 млн 200 мың долларға жеткен.

Өнеркәсіп кооперациясы да талқылаудың маңызды қисыны болды. Машина жасау, металлургия, жеңіл өнеркәсіп, электртехникасы бағыттарында бірлескен жобалар іске асырылып жатыр. Қазірдің өзінде Қазақстан Арменияға 27 мыңнан астам өнім бірлігін экспорттаған. Тараптар келешекте дайын өнім шығаратын бірлескен кәсіпорындар құруға мүдделі екенін айтты.

Көлік логистика бағытындағы әңгімеде Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказды байланыстыратын жаңа мүмкіндіктер атап өтілді. Ел аумағында жаңа логистикалық орталықтар ашу, автомобиль жүк тасымалының көлемін арттыру туралы ұсыныстар талқыланды. Бұл бағыт екі ел арасындағы транзиттік әлеуетті күшейте түседі.

Цифрландыру мен ғарыш саласы да кездесудің негізгі бөлігінің бірі болды. Жасанды интеллектіні дамыту, GovTech жүйелерін жетілдіру, ақпараттық технологияларды экспорттау мәселелері кеңінен сөз болды. Сонымен қатар технопарктерді кеңейту, білім беру бастамаларын дамыту да талқыланды. Әсіресе Астанада ашылатын TUMO Ventures орталығы мен Ұлттық виртуалды обсерватория жобасы назарға алынды. Тараптар бақылау астрономиясы бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу бастамасын да қолдады.

Туризм саласы да айтарлықтай әлеуетке ие екені айтылды. Екі ел тікелей әуе рейстерін көбейтуге, ұшу бағытын кеңейтуге, туристік ағынды арттыруға ниетті. Тау туризміне ерекше көңіл бөлінді. Еліміз Алматы тау кластері жобасын іске қосып жатқанын әрі оның аймақтағы туризмнің маңызды орталығына айналатынын жеткізді.

Кездесу соңында Премьер-министр Олжас Бектенов пен Никол Пашинян жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру үшін барлық күш жұмсалатынын айтты. Сонымен қатар ресми сапар аясында делегация Қазақстанның Ұлттық музейіне және Alem.ai жасанды интеллект орталығына барып, олардың жұмысымен танысты.

Жалпы алғанда, бұл кездесу екі ел арасындағы серіктестіктің жаңа кезеңге шыққанын, алда атқарылатын жұмыстың ауқымы кең екенін көрсетті.

Армян ағартушысы атындағы көше ашылды

Астанада армян халқының ойшылы әрі ағартушысы Месроп Маштоцтың атына көше берілді. Ол елорданың сол жағалауындағы Қабанбай мен Тұран көшелерінің ортасында орналасқан. Ұзындығы — 750 метр.

Зейін ЕРҒАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Көшенің ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, Армения Республикасының вице-премьері Мгер Григорян, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Армения Республикасының Білім, ғылым, мәдениет және спорт министрі Жанна Андреасян, армян диаспорасының өкілдері, қоғам қайраткерлері қатысты.

Еске салсақ, Астанада Месроп Маштоц атындағы көшенің ашылатыны туралы алғаш рет Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы сәуірде Ереванға жасаған ресми сапары барысында жарияланған еді.

Салтанатты жиында Аида Балаева көшенің ашылуы екі халықтың достық, өзара мәдени бірлікті нығайтуға деген ұмтылысының жаңа рәмізі екенін айтты.

– Іс-шара – армян халқына деген құрметіміз бен достық пейіліміздің белгісі. Осы жылдың сәуір айында Ереванда қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы атындағы саябақ ашылды. Енді ол жерде ойшылдың құнды мұрасы ұлықталады. Қазақстанда Месроп Маштоцтың есімі берілген көшені ашу арқылы біз осы игі қадамға құрметпен жауап беріп, рухани мұра – мәдениеттеріміз қос өзеннің сағасындай тоғысатын, бір-бірін байыта түсетін кеңістік екенін тағы бір дәлелдейміз, – деді А.Балаева.

Месроп Маштоц – Армения бүгінге дейін қолданатын 36 әріптен тұратын әліппені жасап, сол ұлттың тілін, мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосқан тұлға. Жанна Андреасян армян ғалымының есімін ұлықтау халықтардың өзара құрметі мен достығы, мәдени ынтымақтастығы тарихындағы жаңа белес екенін атап өтті.

– Ереванда Абай саябағының, енді міне, Астанадағы Маштоц көшесінің ашылуы екі ел мәдениетін жалғаған көпір іспетті. Бұл көпір арқылы тек ұлы тұлғалардың есімдері емес, бейбітшілік пен білім, шығармашылық пен достық сияқты ортақ құндылықтар да ұрпақтан-ұрпаққа тарайды. Армения мен Қазақстан – тарихы терең, ұлы ойшылдарының рухани мұрасын ұлықтап, келешекке ұмтылған мемлекеттер. Екі ел арасындағы ынтымақтастық қашанда бір-бірін толықтырып, байытып отыратын серіктестікке негізделген. Сондықтан Маштоц көшесінің ашылуы біздің мәдени және білім саласындағы байланыстарымызды жаңа деңгейге көтеретін маңызды қадам деп білемін, – деді Армения Республикасының Білім, ғылым, мәдениет және спорт министрі.

Іс-шара Армения Премьер-министрі Никол Пашинянның ресми сапары аясында өтті.

Суретті түсірген – Ерлан ОМАР, «ЕҚ»

Жапон жұртының елеулі көмегі

Жапонияның «Kusanone» (Шөп тамыры) гранттық бағдарламасы өңірлерге көмек беруді жалғастырып жатыр. Осы ретте олар Шығыс Қазақстан облысының аутизм дертіне шалдыққан балаларға қаржы бөлді.

Гүлнар ЖОЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Елшілікте өткен іс-шарада Жапонияның еліміздегі Төтенше және өкілетті елшісі Ииджима Ясумаса мен Өскемен қаласындағы «Страна чудес» оңалту-дамыту орталығы» ҚБ төрағасы Анна Ипатова гранттық келісімшартқа қол қойды.

Жапония елшісі қаржылай қолдауға ие болған орталықты құттықтай отырып, «Kusanone» бағдарламасы қарапайым халықтың өмірін жақсартуға, сондай-ақ Жапония мен Қазақстан арасындағы екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

Орталық басшысы грант қаржысына балаларды үйлерінен оңалту орталықтарына тасымалдайтын көлік алуды жоспарлап отырғанын айтты.

«Аутист балалармен қоғамдық көлікке міну біраз қиындық туғызады. Менің балам осындай дертке шалдыққан, сондықтан осындай балалары бар ата-аналарды жақсы түсінемін. Оларды дамыту қажет, сол себепті оңалту, дамыту орталықтарына күнде қатынауға тура келеді. Такси немесе жеке көлікпен апарамыз, таксимен шығын көп, ал жеке көлік бәрінде бола бермейді. Сондықтан алдымен көлік мәселесін шешуіме тура келіп тұр», деді ол.

Грант сомасы – 64 069 доллар көлемінде. «Страна чудеске» нақты қанша қаржы берілетіні жобаны жүзеге асыру барысында жасалатын келісімшарттарға байланысты болмақ.

Елші Ииджима Ясумаса «Kusanone» бағдарламасына тоқталып өтті.

«Kusanone» – Жапония Үкіметінің адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шағын ауқымдағы әлеуметтік жобаларға қайтарымсыз көмегі. Оның мақсаты – халықтың қарапайым топтарына жәрдемдесу, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, әлеуетін арттыру арқылы жергілікті тұрғындардың әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету. Бағдарламаға жергілікті билік органдары, медицина, білім беру мекемелері, үкіметтік емес, қоғамдық ұйымдар, қоғамдық қорлар қатыса алады. Жоба денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, экология, қоршаған ортаны қорғау, кедейлікпен күрес, т.б. салаларға арналған», деді елші.

Аталған бағдарлама елімізде 1997 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Осы уақытта 8 266 005 долларды құрайтын 122 жоба іске асқан.

ТМД жастары байқауының жеңімпаздары анықталды

Астанада «ТМД-ға арналған 100 идея» халықаралық жастар байқауы өтті. Финалдық кезеңде Қазақстан, Әзербайжан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстанның кіл талантты қатысушылары инновациялық жобаларын таныстырды.

Зейін ЕРҒАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Байқау 11 жыл бойы Қауымдастыққа мүше елдер жастарының инновациялық белсенділігін арттыруды мақсат етеді. Финалдық кезеңнің ашылу салтанатында Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов бұл жоба шығармашыл жастарды жақындастырып, жаңа идеялардың ортақ алаңына айналып отырғанын айтты.

– Өте рәміздік жағдай – бұл ірі гуманитарлық жоба Ұлттық музей ғимаратында өткізіліп отыр. Бұл да – бір тарихи кезең. Мұнда әр елден бас қосқан қатысушылар үздік жобаларын таныстырып жатыр. Әрқайсысы әр саладағы өзіндік мәселелерді шешуді көздейді, – дейді вице-министр.

Байқасақ, қазір әлем елдері біртіндеп пластиктерден экологиялық өнімдерге бет бұрып жатыр. Осыған орай көрмеде Өзбекстаннан келген стартаперлер «Eco-casseta» деп аталатын органикалық ыдыстарын ұсынды. Жоба үйлестірушісі Айгүл Мыңбаеваның айтуынша, бұл өнім ауыл шаруашылығында жиі кездесетін мәселелерді оңтайлы шешуге бағытталған.

– Пластик ыдыстағы көшеттерді отырғызу кезінде тамыр жүйесі зақымдалып, салдарынан өсімдік әлсіреп, тіпті кейбіреуі солып қалады. Ал «Eco-casseta» ыдыстары топыраққа сол күйі көшетімен бірге көміледі. Кейін ол 25–30 күн ішінде толықтай ыдырап, топырақты табиғи тыңайтқышпен байытады. Мұнда органикалық материал ретінде торф қолданылып отыр. Бұл – халықаралық деңгейде ең пайдалы табиғи тыңайтқыштардың бірі. Сондықтан экологиялық ыдыстар таза өнім өндіргісі келетін шаруалар үшін де, тұрмыстық деңгейде көшет өсіретін тұрғындарға да өте қолайлы. Бастама Орталық Азиядағы экостандартты дамытуға, қалдық көлемін азайтуға, жасыл экономиканы қолдауға үлес қосады, – дейді ол.

Қазіргі цифрлы дәуірде қауіпсіздік те маңызды. Бұл ретте Беларусьтен келген Александр Винокуров көпшілікке өзінің «VinSafe» жобасын таныстырды. Компьютерлік бағдарламалық жүйе зиянды файлдарды анықтап, деректерге рұқсатсыз қол жеткізуге жол бермейді және сыртқы құрылғылардан келетін кибершабуылдан қорғайды.

– 10-сынып оқып жүрген кезде ұлттық балалар технопаркіне ақпараттық қауіпсіздік бағыты бойынша арнайы оқудан өттім. Зиянды файлдармен жұмыс істеп, осы тақырып төңірегінде біраз зерттеу жүргіздім. Сөйтіп, 11-сыныпта осы жобаны жасап шықтым. Жүйенің негізгі алгоритмдері «Kaspersky Lab» компаниясының тәсілдеріне ұқсас базаға негізделген: сигнатуралық талдау, машиналық оқыту және файлдардың мінез-құлқын бақылау. Алайда онда әр функция бөлек бағдарламалар арқылы іске асады. Ал біздің жүйеде мұның бәрі бір бағдарламалық платформада біріктірілген. Әрі интернетке немесе өзге жүйелерге мүлде қосылмайды, яғни толығымен жеке оқшауланған. Бұл жасанды интеллектінің технологияларын қолдану кезінде жаңа қауіп түрлеріне әлдеқайда жылдам бейімделуге жағдай жасайды, – дейді жоба авторы.

Отандық жобалардың да өз ерекшелігі бар. Мәселен, финалдық кезеңге іріктелген «Eco Alem» жобасы үстел ойыны арқылы экологиялық мәдениетті көтеруді көздейді.

– Интернеттің дамыған заманында балалар мен жастарды лекциялар мен тренингтер көп қызықтыра бермейді. Сондықтан бұл жобада білімді ойын арқылы жеткізу қарастырылған. Мақсат – қатысушыларды қоқысты дұрыс сұрыптауға үйрету, қайта өңделетін қалдықтар туралы, сұрыптау жолдарын және экологиялық зиянды заттар туралы мағлұмат бере отырып, қоршаған ортаны таза ұстауға баулу. Ағартушылық бастама тек балалар мен жасөспірімдерге ғана емес, ересектерге де қолжетімді. Бұл үстел ойынында қазақи құндылықтар да насихатталады, – дейді «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің басшысы Ақнұр Тұрдалиева.

Жалпы, көршілес мемлекеттерден 100-ге жуық жоба түсті. Оның ішінде білім, медицина, ЖИ, өнеркәсіп салаларына бағытталған тың идеялар бар.

– 8 мемлекеттен қонақтарымыз келді. Олармен бірлесе отырып, жаңа жобаларды көреміз, пікір алмасамыз, тәжірибе алмасамыз. Бізге тиімді бастамаларды өзімізде қолданатын боламыз. Сонымен қатар ТМД-ға мүше мемлекеттердің Жастар істері жөніндегі кеңестің кезекті отырысын өткіздік. Жиында халықаралық жастар ынтымақтастығының стратегиясы, 2026 жылға арналған жұмыс жоспары секілді бірлескен бастамаларды іске асыру мәселелері талқыланды, – дейді Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров.

Іс-шара «Aqyl tech» жобасы аясында «TechnoWomen» ұйымының қолдауымен ұйымдастырылған. Байқау қорытындысында IT бағыты бойынша Әзербайжаннан Омер Эйвазлы мен Мурад Гасымов, Беларусьтен Александр Винокуров, Өзбекстаннан Нумонжон Иброхимов, медицина және денсаулық сақтау бағытында Арменияда Ани Арутюнян, Қазақстаннан Бақытжан Сариев, Тәжікстаннан Сунатулло Шарифов, білім бағытында Арменияда Роза Церунян, Қазақстаннан Асанәлі Шоманов, тиімді табиғи пайдалану бағытында Әзербайжаннан Бану Ибрагимова, Қырғызстаннан Нураида Зайнишова мен Оксана Оморкулова, әлеуметтік салада Қазақстаннан Сәлімжан Сәбитов, Ресей Федерациясынан Федор Масловтың жобалары үздік деп танылды.

МИНИСТР МІНБЕРІ

Ерлан АҚКЕНЖЕНОВ:

Энергетика саласын жаңғырту – стратегиялық міндет

Мұнай-газ химиясын дамыту, газ өңдеу қуатын арттыру мен жылу-энергетикалық инфрақұрылымды жаңарту – Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын негізгі міндеттердің бірі. Осы маңызды мәселелердің мән-жайын білу мақсатында Энергетика министрі Ерлан АҚКЕНЖЕНОВ мырзамен сұхбаттасып, елдің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған ірі жобалардың барысын, көмірсутектерді терең өңдеу келешегін, алдағы жылдарға жоспарланған жаңғырту шараларын нақтылап алдық.

– Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында мұнай-газ химиясы саласын одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтті. Жоғары дәрежеде қайта өңдеу өндірістерін кеңейту үшін Энергетика министрлігі нақты қандай жұмыстар атқарып отыр?

– Мұнай-газ химиясы – еліміз үшін стратегиялық маңызды сала. Ол шикізатты терең өңдеуді, жоғары қосылған құны бар өнім шығаруды және экономиканың жаңа өсім нүктелерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Өткен жылы 2030 жылға дейінгі мұнай-газ химиясы өнеркәсібін дамыту туралы Жол картасы бекітілді. 15 млрд доллар тартумен және шамамен 20 мың жұмыс орнын (оның 4 мыңнан астамы тұрақты) құрумен 6 ірі жобаны іске асыру жоспарланған.

Басым бағыттардың қатарында – бутадиен, полиэтилен, карбамид өндіретін зауыттарды салу. Әсіресе полиэтилен өндіру жобасы еліміздің өңдеу өнеркәсібі тарихындағы ең ірі индустриялық бастамалардың бірі болуға тиіс. Сонымен қатар қуаттылығы жылына 500 мың тонналық полипропилен зауыты іске қосылды. Жоспарланған мұнай-газ химиясы жобаларының жүзеге асуы елімізге көмірсутектерді терең өңдеу көлемін айтарлықтай арттыруға, сондай-ақ әлемдік мұнай химия нарығындағы орнын нығайтуға мүмкіндік береді.

– Жолдауда газ өңдеу зауыттарының құрылысын жеделдету тапсырылды. Осы жобалардың қазіргі жай-күйі қандай, олар қашан іске қосылады?

– Ішкі нарықты табиғи газбен қамтамасыз ету – газ саласының басым бағыты. Біздің басты міндетіміз – өз газымызды қайта өңдеу. Бүгінде тарихи ауқымдағы жобалар іске асып отыр. Айталық Қашағанда газ өңдеу зауытының құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның қуаттылығы жылына 1 млрд текше метр газды құрайды. Сондай-ақ екінші кезең аясында қуаттылығы 2,5 млрд текше метр /жыл ГӨЗ салу жобасы пысықталып жатыр. Қарашығанақта газ өңдеу зауытын салу жобасы пысықталуда. Жаңаөзен қаласында қуаттылығы жылына 900 млн текше метр болатын жаңа ГӨЗ құрылысы басталды.

Сонымен қатар газдың ресурстық базасын кеңейту жөніндегі Жол картасы іске асып жатыр, оның нәтижесінде Рожковское, Өріктау Шығыс және Анабай кен орындары өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді.

Бұған қоса қатарлық сериктестермен бірге «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистралдық газ құбырының екінші желісі салынып жатыр. Биыл ұзындығы 300 шақырым болатын «Талдықорған – Үшарал» магистралдық газ құбыры пайдалануға берілді.

– Еліміздегі жылу электр орталықтарының тозуы – мемлекеттік деңгейде мән беріліп отырған мәселе. Өткен жылдары болған апаттардың алдын алу және энергетикалық инфрақұрылымды жаңарту үшін қандай шаралар қабылданып отыр?

– Инфрақұрылымның тозу деңгейін төмендету мақсатында ауқымды жөндеу науқаны жүргізіліп жатыр. Биыл 10 энергия блогіне, 63 қазандыққа және 39 турбинаға күрделі жөндеу жоспарланған. Бұл жұмыс нақты нәтиже беруде: 2024 жылмен салыстырғанда ЖЭО-ның орташа тозу деңгейі 64%-дан 61%-ға дейін төмендеді. Бұл – энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберіндегі жаңғырту мен жабдықты жаңарту нәтижесі.

Қазір қызыл аймақта 10 ЖЭО, сары аймақта – 17, жасыл аймақта – 10 нысан бар. ЖЭО-ларды жүйелі түрде жаңғырту жалғаса береді. Мақсат – тозуды жыл сайын төмендету және нысандарды қауіпсіз пайдалану аймағына көшіру. Түркістан облысында жалпы қуаттылығы 1000 МВт-ға дейінгі маневрлік бугазды электр стансасының құрылысы белсенді жүріп жатыр. Сондай-ақ Қызылордада қуаттылығы 240 МВт болатын жаңа ЖЭО-ның құрылысы аяқталып қалды. Алматыдағы жылу орталықтары газға ауыстырылуға тиіс.

– Энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба қалай іске асырылады, оның негізгі басымдықтары қандай?

– Еліміз барлық өңірді қамтитын ауқымды ұлттық жобаны іске асыруға кірісті. 2029 жылға қарай жылу желілерінің тозу деңгейін 52%-дан 42%-ға, ал электр желілерінің тозуын 74%-дан 45%-ға дейін төмендету жоспарланып отыр.

Мақсат – инфрақұрылымды кезең-кезеңімен жаңарту және жылу мен электр энергиясымен жабдықтаудың сенімділігін арттыру. Жалпы қуаттылығы 7,3 ГВт болатын генерация объектілерін салу және жаңғыртудың 29 жобасы қарастырылған.

– Еліміз 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қалай қол жеткізбек?

– Президент Жолдауында берілген тапсырмаларға сәйкес, сонымен қатар елдің көміртегі ізін төмендету жөніндегі стратегиялық бағытын ескере отырып, энергетикалық жүйені қамтамасыз етудің негізгі шешімі – таза көмір технологиялары негізіндегі көмір генерациясын әрі қарай дамыту, сондай-ақ баламалы энергия көздерін (ЖЭК) енгізу. Энергетикалық көмір қоры шамамен 34 млрд тоннаны құрайтынын ескерсек, қазба отындарын толықтай тоқтату қисынсыз.

Сондықтан жаңа көмір стансалары қоршаған ортаға әсері минималды, экологиялық талаптарға сай «таза көмір» технологиялары негізінде салынады. Бұл бағыттағы жарқын мысалдар – Көкшетау, Семей, Өскемен қалаларында салынатын жаңа ЖЭО-лар, сондай-ақ Курчатов пен Екібастұздағы жобалар. Мұнда түтін газдарын тазарту жүйелері және көмірқышқыл газын ұстау технологиялары қолданылады. Сонымен қатар қолданыстағы көмір стансаларын жаңғырту кезінде де таза көмір технологиялары енгізілетін болады.

– Алдағы жылдары қандай Жаңартылатын энергия көздері жобалары іске асырылады?

– Жаңартылатын энергия көздері секторын дамыту белсенді жалғасып жатыр. Бұл – еліміздің энергетикалық трансформациядағы маңызды бағыты. Бүгінде Қазақстанда қуаттылығы 3122 МВт болатын 156 ЖЭК нысаны жұмыс істейді. Биыл жалпы қуаты 455 МВт болатын 9 жаңа нысан іске қосылады. Еліміз стратегиялық халықаралық инвесторлармен белсенді ынтымақтасып келеді. Олардың жобалық портфелі шамамен 5 ГВт-ны құрайды.

2035 жылға дейін 8 ГВт-дан астам жаңа ЖЭК қуаттары іске асырылады. Мысалы, Жамбыл облысында қуаттылығы 1 ГВт болатын ірі жел электр стансасын салу жобасы жүзеге асырылады. Біз Masdar компаниясымен ынтымақтастыққа ерекше мән береміз. Үкіметаралық келісімнің жасалуы мен ратификациялануы бұл жобаны жедел бастауға әрі тұрақты іске асыруға толық дайын екенімізді көрсетеді.

Әңгімелескен –
Қуат ӘУЕСБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

ӨНДІРІС ӨРІСІ

Әлеуеті зор әк зауыты

1 <

Жаңадан бой көтерген зауыттың инвестициялық құны 2 млрд теңгені құрайды. Кәсіпорында шамамен 100 адам еңбек етеді. Зауыт басшыларының айтуынша, мұнда жұмысшылардың алаңсыз еңбек етуіне барлық мүмкіндік қарастырылған екен. Ал кәсіпорын жетекшілері алдағы уақытта өзге де жобаларды қолға алуға бекініп отыр.

– Бүгінгі бастама – ел Президенті жүктеген міндеттермен толық үйлесетін нақты қадам. Біздің мақсатымыз – өңір экономикасын жаңа деңгейге көтеретін өндіріс орындарының санын арттыру және инвесторлармен өзара тиімді әріптестік орнату. Сол бағытта тынымсыз еңбек етіп жатырмыз. Бүгін іске қосылған жаңа жоба – осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі. Жалпы, өңірге әлеуетті инвесторларды тарту жұмысы әрі қарай да жалғасады. Облыс әкімдігі инфрақұрылым тарту, инженерлік желілермен қамтамасыз ету және қажетті әкімшілік қолдау көрсету жұмыстарын орындап отыр. Инвесторлар үшін қолайлы жағдай қалыптастыруды жалғастырамыз. Жаңа өндіріс орны еліміздің және өңіріміздің өркендеуіне үлес қосады деген сенім мол, – дейді өңір басшысы.

Кәсіпорын қажетті шикізатты жеке карьерінен алады екен. Мамандардың сөзіне сенсек, бұл қадам әктасты қазудан бастап дайын өнім шығаратын кезеңге дейін сапаны тұрақты бақылауға мүмкіндік береді. Өнім өндірушісі – «KazGeoEnergy». Мамандардың айтуынша, жаңадан салынған өндіріс ошағы – өңірдегі 1-сыныпты әк шығаратын жалғыз кәсіпорын.

– Қаратау қаласында кен өндіретін жеке карьеріміз бар. Сондықтан біздің зауытты шикізаттан дайын өнімге дейін жұмыс істейтін циклдік өндіріс ошағы деп айтуға толық негіз бар. Кәсіпорында шамамен 100 адам жұмыспен қамтылады. Бізде еңбек ететін азаматтардың орташа жалақысы 350-400 мың теңгені құрайды, – дейді жаңа зауыт басшысы Арыстанбек Еркінбекұлы.

Зауыт заманауи технологиялармен, озық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Оның ішінде немістің «Siemens AG» мониторинг жүйесі орнатылып, өндірістің барлық кезеңінде сапаны жоғары дәлдікпен бақылауды қамтамасыз етіп отыр.

Мұнда өндірілетін күйдірілген әк экономиканың негізгі салаларында кеңінен қолданылады. Нақтырақ айтсақ, байланыстырғыш материал ретінде, силикат кірпіш, цемент, газоблок, сылақ өнімдерін дайындау кезінде кәдеге жарайды. Сондай-ақ металлургияда қоспаларды бөліп алу және кенді байыту кезінде флюс, химия өнеркәсібінде сода, кальций карбиді, ацетилен, бояу-лак өнімдерін өндіруде негізгі шикізат ретінде пайдаланылады.

Жаңа зауыт өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттырудағы маңызды кәсіпорындардың санатына еніп отыр. Ол облыс экономикасының өркендеуіне елеулі үлес қосып, жаңа жұмыс орындарын ашуға, импортты алмастыруға, отандық өнеркәсіпті нығайтуға мүмкіндік туғызады.

ТАРАЗ

Суреттерді түсірген – Алтынбек ҚҰРТАБАЙ

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Қаржы нарығы: сын-қатер мен мүмкіндік

Қаржыгерлер конгресі макроэкономикалық саясат пен қаржы саласындағы ең өзекті мәселелерді талқылайтын басты диалог алаңына айналды. Осымен он үшінші рет өтіп жатқан конгрес қатысушылары қаржы секторын ырықтандыру мен оның экономикалық өсімге тигізетін әсері жөнінде пікір алмасты.

Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов жаһандық экономикалық жүйенің бір бөлігі ретінде жаңа өзгерістерге бейімделуіміз қажет екеніне тоқталып, қаржы нарығындағы жағдайды шолып өтті. Биылғы басты тақырып инфляция екенін айтқан баяндамашы оның өте жоғары деңгейде екенін жасырмады.

– Бұл шынымен де басты мәселе. Бір жағынан, инфляцияны тудыратын көптеген сыртқы факторлар біздің бақылауымыздан тыс. Екінші жағынан, кейбір факторлар өзіміздің қабылдаған шешімдерге байланысты. Осы шешімдерді дәл қазір қабылдау қажет болды, – дейді Т.Сүлейменов.

Бас банк төрағасының айтуынша, жоғары инфляцияға сыртқы және ішкі факторлар ықпал етіп отыр. Кейінгі жылдары Ұлттық қордан көп ақша алынғаны да оның назарынан тыс қалған жоқ. Т.Сүлейменов осы ретте салық-бюджет саясаты инфляцияның төмендеуіне ықпал етеді деп үміттенетінін жеткізді.

– Еліміздің бюджет тапшылығы 2,5-2,7%-дан 0,9%-ға дейін қысқарып, ал Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт 5,5 трлн теңгеден 2,8 трлн теңгеге азаюға тиіс. Бұл – фискалдық тұрақтылықты арттыруға бағытталған негізгі өзгерістер, – деп атап өтті ол.

Содан кейінгі біз жауабын күткен екінші мәселе – несие пайызы еді. Апта басында ғана Мәжілісте тұтыну кредиттері бойынша шекті жылдық тиімді мөлшерлемені 46%-дан 40%-ға дейін төмендету қажеттігін қарастыратынын мәлімдеген Ұлттық банк басшысы қаржыгерлердің конгресінде тұтыну кредиттері бойынша мөлшерлемелерді төмендету туралы соңғы шешім әлі қабылданбағанын айтты.

Т.Сүлейменовтің айтуынша, орта және ұзақмерзімді кезеңде ақша-кредит саясаты бейтарап сипатқа ие болуға тиіс. Яғни ол экономикалық өсімге де, оны тежеуге де тікелей бағытталмайды, басты мақсат – макроэкономикалық тұрақтылықты сақтау. Бұл тұрғыда инфляцияны төмендету негізгі басымдық болып қала бермек.

XIII конгресте сарапшылар қаржы дипломатиясының заңдылығын барынша сақтауға тырысса да бір-бірімен қайшыласқан пікірлер сырт көзге анық байқалып тұрды. Ұлттық банк басшысы Тимур Сүлейменов мұнай-химия, газхимия, полиэтилен сияқты жүйелі салаларда мемлекеттік кредит беру қажет екенін, онда отандық өнімнің көршілес мемлекеттермен табысты бәсекелестігі үшін миллиардтаған доллар қажет екенін атап өтті. Бұл ретте Ұлттық банк басшысы мемлекеттің араласуын шектеу және жеке инвесторлар бюджеттік қолдаусыз жұмыс істей алатын нарықты алмастырмау қажеттігін атап өтті. Ол жобаларды іріктеудің ашық критерийлерін, сондай-ақ жеке капиталдың қатысуымен синдикатталған несиелеуді жақтады.

«Халық банкінің» басшысы Үміт Шаяхметова іс-шарада мемлекеттік несиелендірудің өсу қарқыны жеке секторды банктік несиелендірудің өсуінен екі есе асып түсетінін атап өтті. Оның айтуынша, квазимемлекеттік компаниялар коммерциялық несиелендіруге шығып, мемлекеттік қаражаттың арқасында төмен мөлшерлемелер ұсыну мүмкіндігі есебінен бәсекелес емес жағдайлар жасайды. Ү.Шаяхметованың есептеуінше, нәтижесінде квазимемлекеттік компаниялардың сыртқы және ішкі қарызы 25 млрд долларға жеткен.

Ресей Орталық банкінің төрағасы Эльвира Набиуллина форумның пленарлы сессиясында орталық банктердің инфляциямен күрестегі қателіктері туралы баяндады. Оның айтуынша, өткен жылы өз елі де біраз кемшілік жіберіп алған.

– Егер сұраныс пен ұсыныс тепе-теңсіздікте тұрған сәтке жол берсе, инфляция жылдамдатылуы мүмкін. Сондықтан Орталық банк осындай жағдайда әрекет етуге міндетті, – деді ол.

Сонымен қатар Э.Набиуллина кейінгі жылдардағы инвестициялық құрылымның өзгеруі, атап айтқанда, автоматтандыру, өнімділіктің өсуі әлеуетті өсу қарқынын арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.«Біз бұрын ұзақмерзімді өсімді 1,5-2% деп бағалаған едік, бірақ қазір оны арттыруы мүмкін инвестициялардың қуатты көлемін көріп отырмыз. Біздің міндетіміз – үкіметпен бірге өсімнің теңгерімді қарқынын, макроорнықтылықты және төмен инфляцияны қамтамасыз ету», дейді ол.

АЛМАТЫ

Әскери медицина – қорғаныс саламаттылығының негізі

1 <

Суреттерді түсірген – Ерлан ОМАР, «EQ»

Жетісу, Алматы, Жамбыл облыстары мен Алматы қаласын қамтыған екі күндік сапарды Қорғаныс министрінің тыл және әскери инфрақұрылым жөніндегі орынбасары, генерал-лейтенант Қаныш Әбубәкіров өзі бастап барды. Астанадан әскери ұшақпен жеткен журналистер алдымен Талдықорғанның әскери госпиталімен таныстық. 1972 жылы салынған бұл мекемеде әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне, мерзімді әскери қызметшілерге, Қарулы күштердің ардагерлеріне медициналық қызмет көрсетіледі екен. Атауы «әскери госпиталь» болғанымен, атқаратын жұмысы кәдуілгі аурухана мен емханалардың қызметімен бірдей. Мұнда әскери білім ордаларымен қатар, азаматтық оқу орындарын бітірген білікті дәрігер мамандар еңбек етіп жатыр.

Қорғаныс министрінің орынбасары Қаныш Әбубәкіровтің айтуынша, елімізде Қарулы күштерге қарасты 16 әскери медициналық мекеме, оған қоса тәулік бойы көмек көрсететін 130-дан аса тактикалық медициналық бөлімше бар. Онда 2 300-ден аса маман – қызметте.

«Біз еліміздің жоғары және арнайы оқу орындарын бітірген дәрігер мамандармен бірге, Ақтөбедегі Қарулы күштердің әскери институтында да медициналық кадр дайындаймыз. Оған қоса қазір Ресей, Қытай, Түркия елдерінде 200-ден аса офицеріміз бен курсанттарымыз медицина мамандығы бойынша білім алып жатыр», деді генерал-лейтенант.

Оның айтуынша, Қорғаныс министрінің тікелей тапсырмасымен мерзімді әскери қызметке келген жас сарбаздарға ең алдымен 10 сағаттық медициналық оқу өткізілетін болған. Өйткені әрбір жауынгер кез келген жағдайда өзіне және жанындағы жолдастарына алғашқы медициналық көмек көрсете білуі керек. Сонымен қатар оқу-жаттығу басталғанда сарбаздарға тағы да 36 сағат медициналық дайындық сабақтары оқытылады.

«Армия қатарындағы жауынгерлеріміздің денсаулығын сақтау мен нығайту – министрлік алдында тұрған басты міндеттің бірі. Осыған орай біз барлық қаладағы әскери госпитальдарымызды күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізіп жатырмыз. Астана мен Алматыдағы мекемелер толық күрделі жөндеуден өтті. Биыл барлық мекемеге 600-ден аса заманауи құрал-жабдық сатып алынды», деді Қ.Әбубәкіров.

Талдықорған қаласынан тікұшақпен көкке көтерілген біз одан әрі Жетісу облысы Сарыөзек кентіндегі әскери лазаретке табан тіредік. Хирургия мен терапия бөлімдерінен тұратын бұл мекеме 50 төсектік орынға шақталған. Қорғаныс министрлігі тарапынан әскери-медицина саласын жаңа деңгейге көтеру барысы бұл жерден де анық байқалады.

«Биыл лазаретке жаңа емдеу және диагностикалау жабдықтары сатып алынды. Дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз етілген. Өздеріңіз білетіндей, Сарыөзекте еліміздегі үлкен әскери гарнизонның бірі орналасқан. Сондықтан мұндағы дәрігерлер әскерилер мен олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ МӘМС арқылы елді мекен тұрғындарына да көмек көрсетеді», дейді ҚК Бас әскери медициналық басқармасының бастығы, медицина қызметінің полковнигі Ержан Смайылов.

Жалпы, сапар барысында біз Қарулы күштерге қарасты әскери медициналық мекемелер өз ішінде 4 деңгейге бөлінетінін білдік. Ең жоғарғы деңгейдегі мекемелер – Астана мен Алматыдағы бас әскери госпитальдар. Екінші деңгейде – облыс орталықтарындағы медициналық мекемелер. Оның бірі – біз қызметімен танысқан Талдықорғандағы госпиталь. Сарыөзектегі әскери лазарет екі және одан көп әскери бөлімдерге қызмет көрсететін үшінші деңгейдегі мекемелер санатына жатады екен. Ал төртінші деңгейде – бір әскери бөлімге қарайтын тактикалық медициналық ротала.

Сарыөзектен әрі Қонаев қаласына келіп, Десанттық-шабуылдау әскерлеріне қарасты 32363 әскери бөліммен танысу барысында осы төртінші буынға жататын медициналық рота жұмысына да көз жүгірттік. Мекеме аумағына кірген сәтте генерал-лейтенант Қ.Әбубәкіров өзінің ең алғаш осы жерде лейтенант формасын киіп, әскери қызмет жолы басталғанын еске алды. Иә, бұл – расымен еліміздегі тарихы терең, жетістігі толайым байырғы әскери бөлімнің бірі. 90-жылдары тәжікауған шекарасын күзетуге, 2003 жылы Иракқа, одан кейін Ливанға барған бітімгершілік күштеріміз осы бөлім жауынгерлерінен жасақталып, аттанған.



Баспасөз турының бірінші күні Алматы қаласындағы бас әскери госпиталь жұмысымен танысумен аяқталды. Бұл мекеменің тарихы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінен басталады. Жоғары білікті дәрігерлер әскери қызметшілер мен МӘМС аясында өзге де тұрғындарға ғана емес, сондай-ақ шекараның сыртындағы елдерге де көмек қажет кезде қол ұшын созып отырады екен. Мәселен, 2021 жылы Ливан астанасы Бейрут қаласында жойқын жарылыс болғанда алғаш болып жәрдемге жеткендердің бірі осы госпитальдың дәрігерлер тобы еді.

Біз бұл жерде бір айрықша оқиғаның куәсі болдық. Госпиталь жанында тек елімізде емес, Орталық Азия мен ТМД аймағындағы жалғыз Симуляциялық орталық жұмыс істейді екен. 2024 жылы Қазақстан мен Жапонияның қорғаныс ведомстволары арасында медицина саласына қатысты үшжылдық ынтымақтастық жоспары құрылыпты. Қарулы күштер бас әскери госпиталінің хирургі, медициналық қызмет подполковнигі Әбдуәлі Палтушевтің айтуынша, жоспардың алғашқы кезеңі аясында жыл басында біздің дәрігерлер Токионың Өзін-өзі қорғау күштеріне қарасты орталық госпитальға барып, адам кеуде қуысының гибридті симуляторын дайындау технологиясын игеріп қайтқан. Нақтырақ айтқанда, адам бейнесіндегі маникеннің ішіне жануардың, яғни шошқаның ішкі органдары салынып жасалады. «Бұл шұғыл ота жасауға машықтану үшін керек. Мәселен, әскери қызметші майдан даласында немесе басқа жерде жарақат алған жағдайда қансырауын тоқтатып, өміріне төніп тұрған қауіптің алдын алып, эвакуациялауға дайындайды», дейді Ә.Палтушев.

Екі ел арасындағы ынтымақтастық жоспарының екінші кезеңі аясында жапондық дәрігерлер біздің хирургтеріміздің аталған технологияны қаншалықты игергені мен әскери медицина саласына енгізгенін тексеруге келіпті. Біз Токио орталық госпиталінің бастығы Макото Нишикавамен де бірауыз тілдесіп, ынтымақтастық аясында атқарылып жатқан жұмыс жайында пікір алдық.

«Отандық дәрігерлер гибридті симулятор дайындауды жақсы меңгеріпті. Кеше жұмысын тексеріп, 90 деген жоғары баға қойдық. Біз өзімізбен бірге аяқтың симуляторын да ала келдік. Енді соны да дайындау технологиясын үйретпекпіз», деді ол.

Ә.Палтушевтің айтуынша, Жапониямен арадағы ынтымақтастықтың үшінші кезеңінде қазақ дәрігерлері адам басының симуляторын жасауды да меңгеріп, бұл технологияны әскери-далалық медицинаға енгізбекші. Осы орайда біз кеуде қуысын дайындауда неліктен шошқаның ішкі органдары қолданылғанын сұрағанымызда, жануарлар ішінен шошқаның органдары адамдікіне ең қатты ұқсайтынын айтты. Расында, мұндай ұқсастық бар екенін бұрын да естігенбіз, алайда бұл жолы білікті хирургтің өз аузынан естіп-біліп қайран қалдық.

Баспасөз турының екінші күні елордалық журналистер Жамбыл облысының Отар станцасында орын тепкен атышулы әскери бөлімнің медициналық мекемесінің, сондай-ақ монша мен кір жуу комбинатының жұмысымен де танысты.

Жалпы, бұл сапар Қорғаныс министрлігіне қарасты медициналық госпитальдар мен лазареттердің жұмысы жолға қойылғанын, заман талабына сай дамып жатқанын, кез келген уақытта дәрігерлік көмек көрсетуге сақадай сай екенін көрсетті. Министрдің орынбасары Қ.Әбубәкіровтің айтуынша, медицина ғимараттарын жөндеу мен жаңа құрал-жабдық алу жұмысы мұнымен бітпейді. Алдағы жылдары отандық әскери медицина деңгейін әлемдік деңгейге – жеткізу міндеті тұр.

АСТАНА – ТАЛДЫҚОРҒАН – САРЫӨЗЕК – ҚОНАЕВ – АЛМАТЫ – ОТАР – АСТАНА

Шетелдегі қазақ ғалымдары: интеллектуалдық өрістің жаңа көзі

1 <

Ел ғылымын дамытатын отандық ғалымдар

Форумның ресми ашылуында сөз алған Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитетінің төрағасы – ресми өкілі Айбек Смадияров іс-шараның маңызын ерекше атап өтті. Ол отандас ғалымдарды біріктіретін мұндай алаңның ел ғылымын жаңа деңгейге көтеретін стратегиялық бастама екенін айтты.

– Ғылым – елдің экономикалық өсімінің, инновациялық серпінінің, жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің негізгі тірегі. Қазіргі заманда жаңа білім жүйесі мен оны инновацияға айналдыру қабілеті мемлекеттің даму деңгейін айқындайтын басты факторға айналды. Сондықтан ғылым жүйесін жетілдіру, халықаралық ынтымақтастықты күшейту – біздің стратегиялық міндетіміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңес отырысында шетелде жүрген отандас ғалымдардың ел дамуына қосатын зор үлесін атап өткен болатын. Президент олардың бастамаларына институционалдық және қаржылық қолдау көрсетілетінін мәлімдеп, Қазақстанда зерттеу жүргізуге шақырды. Бұл – ұлттық ғылымның жаһандық ғылыми кеңістікпен терең интеграциялануына жасалған маңызды қадам, – деді ол.

Сондай-ақ іс-шараға Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов қатысып, отандық ғылымның жаңғыруы мен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтудің маңызына тоқталды. Вице-министр министрлік шетелдегі отандық ғалымдармен тығыз байланыс орнатып отырғанын атап өтті.

– Бұл басқосу тек кәсіби пікір алмасу ғана емес, ұлт бірлігін нығайтып, отандық ғылымның болашақ бағытын айқындайтын маңызды іс-шара деп есептейміз. Осы ретте «Отандастар қорының» ерекше миссиясын атап өткім келеді. Қор шетелдегі қазақтардың ұлттық болмысын сақтауға, тарихи Отанымен байланысын күшейтуге және олардың ғылым мен білім саласына қосатын үлесін арттыруға ұзақ жылдар бойы жүйелі түрде еңбек етіп келеді. Бүгінде шетелде жұмыс істеп жүрген отандас ғалымдар Президент жанындағы Ғылым мен технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңесінің жұмысына белсенді түрде тартылып, еліміздегі жоғары оқу орындары мен ғылыми зерттеу зертханаларымен бірлесіп, жұмыс жүргізіп отыр. Сонымен қатар отандық жас ғалымдар шетелде отандастарымыз басқаратын зертханаларда тағылымдамадан өтіп, бірлескен ғылыми жобаларға қатысып келеді. Қазір министрлік шетелде тұратын қазақстандық ғалымдармен тұрақты әрі тығыз байланыс орнатқан. Солтүстік Америкадағы қазақтардың PhD қауымдастығы, «Qazaq Association PhD», «Source North America», «Qazaq International Scientific and Technological Association» сияқты ұйымдармен жемісті әріптестік орнады. Бұл бастамалардың негізгі мақсаты – еліміздегі ғалымдар мен шетелдегі отандас зерттеушілер арасында берік ғылыми көпір қалыптастырып, оларды ортақ жобаларға біріктіру, – деді ол.

Назарбаев университетінің президенті Ахмад Вакар да оқу орнының шетелдегі қазақ ғалымдарын елге тарту бағытында белсенді жұмыс жүргізіп жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, ғылымның болашағы отандық мамандардың ғылыми әлеуетіне тікелей байланысты.

– Қазақстан сияқты жас мемлекеттердің ішінде дәл осындай әлеуетке ие елді табу қиын. Бұл – кездейсоқ дүние емес. Себебі бұл ел, ең алдымен, адам капиталына инвестиция салып отыр. Біз бүгін еліміздің тыс жерде еңбек етіп жүрген 40-тан аса беделді зерттеушіні және Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 100-ден астам ғалымның басын қосып отырмыз. Бұл – өте маңызды кездесу. Университет ретінде біз де шетелде жұмыс істейтін қазақ ғалымдарын елге тарту бағытында белсенді жұмыс жүргізіп келеміз. Өйткені елдің де, университеттің де болашағы талантты ғалымдарға байланысты. Бұл университет мен сияқты сырттан келген адамдарға ғана сүйеніп өмір сүре алмайды. Бізге отандық ғалымдар қажет, – деді ол.

«Отандас ғалымдар форумының» ұйымдастырылуына тікелей ұйытқы болған «Отандастар қорының» төрағасы Данияр Қадыров бұл қордың қолға алып отырған төртінші ірі халықаралық жобасы екенін баяндады. Бұған дейін 2019 және 2023 жылдары өткен «Отандастар форумдары» шетелдегі қазақ диаспорасын біріктірсе, былтырғы «Кәсіпкерлер форумы» отандастар арасындағы іскерлік ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерді. Ал биылғы форум – ғылым мен инновация бағытындағы ақыл-ой саммиті. Негізгі мақсат – отандас ғалымдардың әлемдік тәжірибесін елдің ғылыми дамуына бағыттап, елімізді халықаралық ғылыми қауымдастыққа ашық, серіктестікке бейімді мемлекет ретінде таныту.

– Астананың төріндегі Назарбаев университетінде еліміз үшін ерекше стратегиялық маңызы бар жиын – «Отандас ғалымдар форумы» өтіп жатыр. Бұл – шетелде табысты еңбек етіп жүрген қазақ ғалымдарын еліміздің ғылыми-инновациялық экожүйесіне тартуға бағытталған кең ауқымды халықаралық алаң. Форумға 12 елден 40-тан астам және елімізден 100-ге жуық көрнекті ғалым мен сарапшы шақырылды.

Бүгінде шетелде мыңдаған қазақ ғалымы түрлі салада үздік зерттеулер жүргізіп, жетекші университеттер мен зерттеу орталықтарында еңбек етіп жүр. Солардың тәжірибесін елге тарту – еліміздің болашақ дамуы үшін стратегиялық міндет. Форумның тағы бір ерекшелігі – елімізде туып, кейін өзге елге барып ғылыммен айналысып жүрген, бүгінде әлемдік ғылыми ортада танылған отандастар да қатысады. Бұл ғылыми интеграцияның жаңа көпірі, жаңа мүмкіндігі. Жиын барысында шетелдік және отандық ғалымдар ғылыми жобаларын таныстырып, инновациялық шешімдер мен технологияларды Қазақстан экономикасына және ғылымына енгізу жолдарын талқылайды. Форум аясында бірлескен зерттеулерге арналған коллаборациялар құрылып, жас ғалымдарға арналған ғылыми мектептер мен тәлімгерлік бағдарламалары талқыланады. Бұл – ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейтіп, елдің зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталған нақты қадам, – деді төраға.

Ұлттық баға жетпес капиталы

Салтанатты жиыннан кейін форум пленарлық отырысқа жалғасты. Онда шетелдегі қазақ ғалымдары баяндама жасап, ғылым саласындағы жаңалығын таныстырып, жобаларын көрсетті. Солардың бірі – Франциядан келген медицина ғылымдарының докторы, психиатр Құрманбек Дәуітқанұлы.

– Мен Францияның Париж қаласындағы университет ауруханасында дәрігер-психиатр болып қызмет атқарамын. Осы форумда бүгінгі қоғамдағы өзекті тақырыптардың бірі психикалық денсаулық және әлеуметтік қолдау туралы айттым. Бұл тек медицина мамандарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Қазақстандағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың қиындықтары және олардың тұрмысын жоғарылату туралы ұсыныс айтқым келеді. Өкінішке қарай, мүмкіндігі шектеулі жандар әлі де көптеген кедергіге тап болып отыр. Олардың ішінде жолдардың қолжетімсіздігі, жүргінші жолдарының мүгедектігі бар адамдарға бейімделмеуі, қоғамдық көліктердің шектеулі қолжетімділігі – автобустарға, пойыздарға мінудің қиын болуынан мүмкіндігі шектеулі жандарда әлеуметтік оқшаулану, осыдан туатын депрессия, мазасыздық және өзін-өзі төмен бағалау сияқты көңіл-күй болып жатады. Мұндай жағдайлар адам психикасына тікелей әсер етеді. Сондықтан да біз төмендегідей шешімдерді дамытуымыз қажет. Біріншіден, психологиялық қолдауды күшейту – тек клиникада ғана емес, қоғамда, мектепте, жұмыс орындарында жүзеге асыру. Екіншіден, қоғамдық іс-шараларға қатысуға жағдай жасау – үйлесімді спорт, мәдениет және білім жүйесі. Инклюзивті қала жоспарлау – әрбір жүргіншілер жолы, аялдама, ғимарат мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімді болуы тиіс. Инклюзия – жай ұғым емес, бұл адамның қадір-қасиетін, оның қоғамнан тең игіліктену құқығын мойындау. Психикалық денсаулықтың іргетасы бала кезден басталады. Үйлесімді, қолайлы отбасылық орта баланың тұлға ретінде қалыптасуына зор әсер етеді. Мұндай отбасында сүйіспеншілік, ашық қарым-қатынас, эмоционалды тұрақтылық сияқты құндылықтар дамиды. Бұл қасиеттер адамның болашақта қоғамға бейім болуына, дені сау қарым-қатынас құруына және өмірлік қиындықтарды жеңуіне көмектеседі.

Қорыта айтқанда, психикалық денсаулық – адам өмірінің өзегі. Ол тек жеке адамның мәселесі емес, бүкіл қоғамның дамуына әсер етеді. Психикалық денсаулықты қолдау тек дәрігердің емес, психологтердің, әлеуметтік қызметкерлердің, қоғамдық ұйымдардың, тіпті отбасы мен қоғамның бірлескен еңбегі арқылы жүзеге асады. Ал Қазақстанда біз өз қоғамымызда инклюзивті дамыту, отбасы үйлесімін сақтау, балаларды қорғау, әйелдерге қолдау көрсету және жалпы психикалық денсаулық мәдениетін көтеруге атсалысуымыз қажет, – деді ғалым.

Осы форумға арнайы келген Германияда туған қазақ ғалымы, PhD Шенол Жадик тебіреніп былай дейді: «Осы форумға қонақ спикері ретінде шақыру – мен үшін үлкен құрмет. Бұл басқосу тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемдегі қазақ қауымдастығы үшін үлкен мағынаға ие. Дүниежүзінде өзгерістер жылдам жүріп жатыр, ал біз осы өзгерістердің ішінде өз мәдениетімізді, ұлттық болмысымызды, ортақ тарихымызды қаншалықты сақтап келеміз? Шетелдегі қазақ ұйымдарымен ынтымақтастықты нығайту, отандастарды елдегі саясат пен реформалар жөнінде хабардар ету, тіл мен мәдениетті сақтау – мұның бәрі болашақ ұрпақ сүйенетін берік іргетас болмақ. Сонымен қатар осы форумның білім, инвестиция және кәсіби мүмкіндіктерді қолдауға бағытталған бастамалары әлемнің әр түкпіріндегі кез келген қазақтың өз елінен алыстаса да, байланыста болуын қамтамасыз етеді.

Шетелде өмір сүріп, қызмет атқарғандықтан, әлемнің әр жерінде табысты еңбек етіп жүрген қазақтардың ерекше қабілеттеріне көзім жетті. Ғалымдар, өнер адамдары, кәсіпкерлер, дәрігерлер, инженерлер, ұстаздар мен жаңашылдар біздің ұлт жастарынан көп шығыпты. Олар жай ғана білікті мамандар емес – олар ұлттың баға жетпес капиталы. Олардың кәсіби тәжірибесі, шығармашылығы және жаһандық көзқарасы – Қазақстан дамуы үшін орасан құнды ресурс. Сол таланттарды қолдау, олардың жетістіктерін мойындау және елге пайдасын тигізуге жол ашу – форумның ең маңызды міндетінің бірі.

Форум аясындағы пленарлық отырыстар, мәдени бастамалар, бизнес таныстырылымдар мен жастар бағдарламалары – өзара байланыс пен алмасуға арналған ерекше алаң. «Абай үйі» мәдени орталығы, білім гранттары, инвестициялық мүмкіндіктер және дарынды жастарға арналған жазғы лагерь сияқты жобалар біздің ұзақмерзімді көзқарасымызды айқын көрсетеді. Сонымен бірге ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, әлемдік аренада табысқа жететін білімді, сенімді жаңа буынды қалыптастыру. Мен «Отандастар қорының» жұмысын толық қолдаймын және әрбір қатысушыны белсенді атсалысуға шақырамын. Бірлесе әрекет ете отырып, бүкіл қазақ халқы үшін жарқын әрі табысты болашақ қалыптастыра аламыз. Қай жерде жүрсе де, әр қазақ баласы елінің абыройы мен қуатына үлес қоса алады», деді ол.

Құрманбек ДӘУІТҚАНҰЛЫ

Шенол ЖАДИК

Алтынбек МҰРАТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңес отырысында шетелде жүрген отандас ғалымдардың ел дамуына қосатын зор үлесін атап өткен болатын. Президент олардың бастамаларына институционалдық және қаржылық қолдау көрсетілетінін мәлімдеп, Қазақстанда зерттеу жүргізуге шақырды. Бұл – ұлттық ғылымның жаһандық ғылыми кеңістікпен терең интеграциялануына жасалған маңызды қадам.

Қазақ тілі ЖИ саласына еркін енуі керек

АҚШ-тың Бостон қаласынан келген компьютерлік кванттық физика және жасанды интеллект саласының маманы Алтынбек Мұрат ЖИ мүмкіндігін қарапайым жүйелерді автоматтандырудан бұрын, ғылыми бағытқа бұрған жөн екенін айтады. Ол жасанды интеллект жүйелерін енгізуде ұраншыл жобаларға емес, ұлт мүддесіне жұмыс істейтін жобаларға басымдық беру керегін атап өтті.

– Жасанды интеллект ғылымның барлық саласын өзгертіп жатыр. Бұл өзгерістерді сөзбен сипаттау қиын – даму қарқыны біздің ойлағанымыздан да жылдам. Мысалы, өз саламда бұрын бірнеше жылға созылатын күрделі ғылыми есептеулерді қазір бірнеше айда, тіпті бірнеше аптада орындауға мүмкіндік туды. Жасанды интеллект арқылы жаңа нанотехнологиялық материалдардың қасиеттерін жылдам болжаймыз. Бұрын ғылыми талдау жасау үшін код жазып, күрделі скриптер әзірлейтін едік, ал қазір дайын агенттерді құрып, жедел нәтиже аламыз. Яғни жасанды интеллект – жай автоматтандыру құралы емес, жаңа ғылыми жаңалықтарға жол ашатын интеллектуалды серіктес деңгейіне жетті. Бұл – орасан мүмкіндік. Физикадан бастап медицинаға дейін барлық саладағы зерттеулерді жеделдетеді. Сондықтан Қазақстанда жасанды интеллект мүмкіндігін кең ауқымда енгізу қажет. Жасанды интеллект тек мәтін, сурет, бейне жасау құралы болып қалмауы керек – оны терең ғылыми деңгейде меңгеру маңызды. Ол үшін суперкомпьютерлер мен ЖИ-дің жаңа теориялары барлық ғалымға қолжетімді болуға тиіс. Бір елдің болашағы оның ғылым мен инновацияға салған инвестициясына байланысты. Бұл – дамыған елдердің тәжірибесінен көрініп отырған ақиқат. Сондықтан жасанды интеллектіге дұрыс инвестиция жасау – стратегиялық міндет. Бұл сала жарнама үшін немесе жемқорлыққа жол ашатын тетікке айналмауға тиіс.

Қазақстанда ғалымдардың әлеуеті өте жоғары. Мықты физиктер, химиктер, математиктер бар. Бірақ мен байқалған бір олқылық – технологиялық идеялардың зертханадан нақты өнімге айналу үдерісі өте баяу жүреді, кейде мүлдем болмайды. Бізге ғылыми инновация ауадай қажет. Жасанды интеллект осы олқылықты жоюға, даму жолын қысқартуға мүмкіндік береді. Сондықтан бізге тек IT жобаларды емес, күрделі ғылыми-инновациялық бағыттарды инкубациялайтын орталықтар қажет. Ғалымдардың жұмысы зертханада немесе қағаз бетінде қалып қоймауға тиіс. Біз мұндай жүйені АҚШ-та күнделікті көріп жүрміз: зертханалардағы идеялар стартапқа айналып, әлемдік деңгейдегі компаниялар өркендеп жатыр. Осы бағытқа көбірек көңіл бөлген жөн. Өз тарапымнан біз құрған «Qazaq Scholars» қауымдастығы арқылы отандас ғалымдардың ғылыми идеяларын Бостонның инновациялық экожүйесімен байланыстыруға және қолдауға дайынмын.

Бүгінде қазақтілді жастардың үлесі артып келеді – бұл үлкен қуаныш. Бірақ сонымен қатар бір қауіп бар: егер біз жасанды интеллект пен жаңа технологияларды ана тілінде үйренуге мүмкіндік бермесек, қазақша сөйлейтін жастар жаңа дәуірдің мүмкіндігінен шеттеп қалуы мүмкін. Бұл – әділетсіздік әрі үлкен қиянат болар еді.

Бұдан бөлек, форумда «Ұлы дала» атты халықаралық кітап шығару байқауында жеңімпаз атанған ғалымдар кітабының тұсауы кесілді. Бұл жоба – әлемдегі қазақ қаламгерлерінің еңбегін дәріптеп, Еуразия кеңістігіндегі әдеби байланыстарды жандандыруға арналған маңызды жоба. Кейінгі 3 жылда шетелдегі 28 қазақ қаламгерінің еңбегі кітап ретінде басылып шыққан екен.

Форумға қатысушылар қызмет етіп жүрген ортасындағы мүмкіндікті отандық ғалымдарға ұсынуға дайын екенін айтып, әріптестік орнатып тәжірибе алмасуға шақырды. 2024 жылғы мәліметтерге сүйенсек, әлемде шамамен 3 миллионға жуық, ал бейресми есептер бойынша төрт жарым миллионнан астам қазақ диаспорасы бар. Бұл – тәуелсіз ел үшін орасан үлкен әлеует. Шетелде жүрген қазақ ғалымдары елдің стратегиялық интеллектуалдық ресурсы. Олардың Қазақстанмен тұрақты әрі жүйелі байланыста болуы еліміздің ғылыми және инновациялық дамуына айтарлықтай ықпал етеді.

Дайындағандар –
Дүйсенәлі ӘЛІМАҚЫН,
Айтолған ЖҮНІСХАН,
«Egemen Qazaqstan»

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

«Ұлы дала жорығы» – бірлікке бастар бірегей жоба

Қостанай облысында «Amanat» партиясы мен Туризм және спорт министрлігінің қолдауымен өткен халықаралық ат марафоны – «Ұлы дала жорығы» спорттық іс-шара емес, нағыз рухани, мәдени және патриоттық бірегей жоба. Іс-шара ұлы ақын һәм «Алаш» қозғалысының қайраткері Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай ұйымдастырылды.

Тарихы терең мағынаға толы, ұлттық дәстүр мен бірлік құндылықтарын насихаттайтын, түрлі ұлт өкілдерін ортақ мәдениет пен отансүйгіштік идеясына топтастырған жобаның мақсаты айқын.

Марафонның Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойы құрметіне арналуы бекер емес. Бұл институт елдегі ұлтаралық келісім мен азаматтық бірліктің рәмізіне айналды. Ұлы дала ежелден өркениеттер тоғысатын мекен ғана емес, өзара үндесетін, халықтар бір-біріне ағайын атанатын кеңістік болғаны рас. Ұлы дала мекенінде түрлі этнос ғасырлар бойы қатар өмір сүріп, бір нанды бөліп жеп, ортақ тағдырға мойынсұнып, туған жерге деген сүйіспеншілікті бірге ұстанып келді.

Бүгінде «Ұлы дала жорығы» сайыс қана емес, құрмет пен сенімге бастайтын бірегей жобаға айналды. Ал марафонға Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» атты интернационал командасының қатысуы – осы рухани мәні зор сөзіміздің жарқын дәлелі.

Марафонның атауы – «Жорық». Бұл жерде біле-білгенге терең мағына бар. Тарихқа үңілсек, бұрын бұл сөз әскери жорықты білдірген. Ата-бабаларымыздың ерлікке толы жанқиярлық әрекеттері еске түсетін. Ал дәл бүгінде «Жорық» бейбіт өмірдің мәйегі, рухани-ағартушылық мәнге айналды.

Сонымен бұл жай ғана сапар емес. Бұл – ішкі саяхат пен туризмнің өрісі. Бұл – дәстүр мен ұлттық құндылықтарды паш ететін ерекше мүмкіндік. Себебі ауыл-ауылдарға барып, сол жердің салт-дәстүрімен танысу, араласудың мүмкіндігі мол. Торғайдан Арқалыққа дейінгі жолды еңсеру арқылы әрбір қатысушы өз топырағымен, тегімен, тарихымен қайта байланыс орнатқандай әсерде болғанына күмәнім жоқ.

Әр қазақ қасиетті Торғай өңірін қазақ руханиятының алыптары Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды ұлы тұлғалардың кіндік қаны тамған қасиетті жер деп біледі.

Алаш алыптарының қоғамдық-саяси өмірін ағартушылық бағытта ғана қабылдау жеткіліксіз. Олар шынайы рухтың, еркіндік пен әділетке ұмтылған, ұлтты оятуға бел буған кемеңгер тұлғалар еді. Ал Міржақып Дулатұлының туған ауылына барып, баба рухына тағзым ету, Амангелді Иманов пен Кейкі батырдың кесенелеріне зиярат жасау – бүгінгі ұрпақ арасындағы рухани сабақтастықтың жарқын бір көрінісі.

Расында, бұл марафон – рух пен жігердің зертханасына айналды. Биыл 500 шақырымдық қашықтықты Қазақстанмен қоса, Қырғызстан мен Ресейден келген қатысушыларды қамтыған 18 команда еңсерді. Қырғызстан құрамасы жеңісті лайықты түрде иеленді. Бұл жеңіс спорттық тұғыр ғана емес, әділ бәсеке, ашықтық пен бауырластық рухының жарқын көрінісі болды.

Қостанай облысының командасы құрметті үшінші орынды иеленді. Дегенмен өткен жылмен салыстырғанда бұл үлкен жетістік еді. Яғни спортшылар мен аттарды баптаудың сапалық деңгейге көтерілгенінің айғағы.

Сондықтан «Ұлы дала жорығы» өздігінен «дала зертханасы» деп аталмайды. Мұнда тек физикалық төзімділік емес, ұлттық мінез-құлық, рух та шыңдалады.

Марафон отандық жылқы тұқымдарының ерекше қасиеттерін айқындады. Қостанай, Адай, Жетісу, Әулиеата, Найман торы сынды жылқы тұқымдары қайта жанданып, назарға ілігіп, елдің мақтанышына айналды. Олардың төзімділігі мен шапшаңдығы – ұлттық абыройдың, рухтың айнасы.

Бүгінде жылқыларды марафонға дайындау әдістемесін ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұралар тізіміне енгізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп жатырмыз.

Марафон идеясының дәл осы Торғайда туындауы бекер емес. Бұл өлке – халқымыздың талай тарихи беттерінің бастауы болған киелі мекен. 2022 жылы «Joryq» федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков пен оның командасы алғашқы рәміздік жорығын жүзеге асырып,

Торғайдан Созаққа дейін 1000 шақырымды еңсерді.

Содан бері бұл бастама спорттық шара ретінде ғана емес, тұтас бір мәдени құбылысқа айналып, адамдарды біріктіретін дербес қозғалысқа ұласты.

Жоба ең жоғары деңгейде қолдауға ие болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев марафонға жоғары баға беріп, оны жастардың рухани және патриоттық тәрбиесі үшін аса маңызды, бірегей бастама деп атап өтті.

2026 жылы «Ұлы дала жорығы» қайтадан Қостанай облысына оралады. Бұл жолы Арқалық қаласының 70 жылдығына арналған мерекелік іс-шара ретінде ұйымдастыру көзделіп отыр. Президент Арқалықтың келешегіне ерекше мән беру керек деген болатын. Торғай өңірінің дамуына тың серпін беретін «Астана – Арқалық – Торғай – Ырғыз» бағытында автокөлік жолын салу жұмыстары бар. Осыған орай биыл мамыр айында Премьер-министр Олжас Бектенов Арқалыққа жасаған жұмыс сапарында «Орталық – Батыс» күре жолының құрылысын бір ай мерзімде бастау жөнінде нақты тапсырма беріп, маусым айында Арқалық пен Торғайда автодәліз құрылысы басталды. Одан бөлек әуежай, мектеп, балабақша секілді әлеуметтік нысандардың салына бастауы зор сенім береді.

Осы ретте «Amanat» партиясының төрағасы Ерлан Қошановқа ерекше алғыс айтқымыз келеді. Ерлан Жақанұлы «Ұлы дала жорығы» идеясына алғашқы күннен сеніп, қалыптасуы мен дамуының барлық кезеңінде жан-жақты қолдау көрсетіп келеді.

Жобаны жаңа серпінмен дамытуда ерекше қолдау көрсетіп, белсенді қатысқаны үшін Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновқа алғысымыз зор. Осы арқылы жоба халықаралық маңызға ие болды.

Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақаловқа шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз. Марафонды ұйымдастыруда ынтымақтастық пен белсенділік танытты.

Алдағы жылдарда да ұлттық дүниемізді насихаттау жолындағы бірегей жоба ерекше бағытта жалғасады. Осы ретте көпшілік қауым ұсыныстар мен тілектерін жолдап, белсенділік танытады деп ойлаймыз.

Ералы ТОҒЖАНОВ,
Премьер-министрдің кеңесшісі,
«Joryq» ат спорты федерациясы
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Бекзат пен Асу айқасады

22 қарашада Қатардың бас шаһары Дохада UFC-дің кезекті турнирі өтеді. Сол кеште аса жеңіл салмақ дәрежесінде күш сынасып жүрген Бекзат Алмахан испаниялық Александр Топуриямен айқасады.



Топуриялар әулетінен екі бірдей мықты спортшы шыққаннын жанкүйерлер жақсы біледі. Мәселен, Александрдың туған інісі Илья аралас жекпе-жекті серік еткелі 17 кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жетті. 15 бәсекеде айқын басымдық танытты. Былтыр 17 ақпанда ол аустралиялық Александр Волкановскиді ұрып жығып, жартылай орта салмақтың чемпиондық белбеуін иеленді. Қазан айында американдық Макс Холлоуэйді есінен тандырып, өз атағын қорғады. Ал биыл небәрі жарты минут аралығында бразилиялық Чарльз Оливейраның осал тұсын оңай тауып, жеңіл салмақтың чемпионы атанды. Германияда туып-өсіп, Испанияның туы астында өнер көрсетіп жүрген 28 жастағы грузин жігіті бүгінде UFC-дің P4P (pound-for-pound) нұсқасында теңдессіз деп танылды.

Міне, осы Ильяның ағасы Александр Топурия біздің Бекзат Алмаханға қарсылас. 29 жастағы файтер грек-рим күресі, бразилиялық джиу-джитсу, бокс және кикбоксты жетік меңгерген. Аралас жекпе-жектен өтетін жарыстарға да ара-тұра ғана қатысып тұрады. Осы күнге дейін ол жеті рет октагонға шығып, алты рет жеңіске жетті. Бес бәсекені мерзімінен бұрын аяқтады. Александр кездесулерінің басым бөлігін Испанияда өткізіп, Андреас Чигуано, Алехандро Румин, Лукас Тенорио, Альберто Ибанез және Йоханн Сегасқа сан соқтырды. Осыдан 10 жыл бұрын ол болгариялық Иво Ивановтан ұтылды.

Биыл Александр Топурия UFC-мен келісімшартқа отырып, Аустралияның Сидней қаласында ұйымдастырылған алғашқы кездесуінде жергілікті спортшы Колби Тикнеспен күш сынасты. Бұл бәсеке грузиялық файтердің жеңісімен аяқталды.

Бекзат жайында айтар болсақ, оның жасы 27-де. Жамбыл облысы Байзақ ауданының тумасы. Шердогі – 14 жекпе-жек, 12 жеңіс. «Тұран әскері» деген бүркеншік есімді таңдаған қандасымыз 10 қарсыласын нокаутпен, бір рет «сабмишн» тәсілімен жеңді. Былтыр UFC-дегі тұсаукесер кездесуін Алмахан даңқы жер жарған Хабиб Нұрмағамедовтің інісі Умарға қарсы өткізді. Бәсеке барысында оны нокдаунға да жіберді. Бірақ ақырында ұпай санымен ұтылды. Есесіне Бекзат биыл мамырда Канаданың Монреаль қаласында өткен айқаста Үйеңкі жапырақтар елінің өкілі Брэд Катонаны кескен теректей сұлатып салды. Қазақтың қайсар ұлына осындай жарқын жеңіске қол жеткізу үшін небәрі 1 минут 4 секунд жеткілікті болды.

Парсы шығанағында жалауы желбірейтін жарыста Бекзат бауырымызға сәттілік тілейміз. Александр Топурияны жеңуге оның күш-жігері жететініне сенімдіміз. Қандасымыз нокаутпен ұтып жатса, оған да таңданбаймыз. Сондай-ақ дәл сол турнирде қазақтың тағы бір тегеурінді спортшысы Асу Алмабаев та өнер көрсетеді. Сол кеште «Зұлпықар» американдық Алекс Переспен айқасады.

ФУТБОЛ

Рейтинг көңіл көншітпейді

ФИФА-ның жаңартылған рейтингінде Қазақстанның футболшылары өзінің 115-орнын сақтап қалды. Жерлестеріміз Мавритания мен Малайзияның ортасында тұр.

Салыстырмалы түрде алсақ, көршілес Өзбекстанды айтпағанда, Тәжікстан мен Қырғызстан құрамаларының өздері Қазақстаннан бірнеше саты жоғары тұр. Атап айтсақ, өзбектер – 55, тәжіктер – 102, қырғыздар 105-орынды иеленді. Орталық Азия мемлекеттер арасынан біздің аяқдоп шеберлеріміздің тек Түрікменстаннан көші ілгері. Олар 142-орынды қанағат тұтып отыр.

Алдыңғы лектегі командаларға келер болсақ, Испанияның ұлттық құрамасы жеке-дара көш бастап тұр. Екінші және үшінші орындарда – Аргентина мен Франция. Бұл алпауыттарды Англия мен Португалия өкшелеп келеді. Сондай-ақ ТОП-10-дыққа Нидерланд, Бразилия, Бельгия, Италия, Германия енді. Одан кейінгі ондықтың қатарында Хорватия, Марокко, Колумбия, Мексика, Уругвай, АҚШ, Швейцария, Сенегал, Жапония мен Дания бар.

2026 жылғы әлем чемпионатының іріктеу турнирінің соңғы матчын Қазақстан құрамасы Бельгияға қарсы өткізіп, 1:1 есебімен тең түсті. Одан кейін жолдастық кездесуде Фарер аралдарынан 0:1 есебімен есе жіберді.

Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

ЖАРЫС КҮНДЕЛІГІ

• Сауд Арабиясының Эр-Рияд қаласында өтіп жатқан Ислам ынтымақтастығы ойындарында жерлестеріміз табысты өнер көрсетіп жатыр. Джиу-джитсу сайысында Серік Алдияр чемпион атанды. 69 кг салмақта бағын сынаған отандасымыз финалдық тартыста саудиялық Мохаммед Хурайминаны айқын басымдықпен жеңді. Серіктің жеңісті сапарын Мариан Журавлева жалғады. 70 кг салмақ дәрежесінде джиу-джитсудан белдесуге шығып, финалда палестиналық Даниа Обейдті оңай ұтты.

• Әйелдер күресінен Ирина Казюлина Ислам ынтымақтастығы ойындарының қола жүлдесін олжалады. 68 кг салмақта күрескен Ирина алғашқы белдесуінде әлем чемпионы Несрин Баштан басым түсті. Жартылай финалдық тартыста өзбекстандық Светлана Окназаровадан жеңілді. Қола медаль үшін кілемге шыққанда камерундық Ндиффо Эймельданы еңсерді.

• Семсерлесу сайысында еліміздің құрамасы Ислам ынтымақтастығы ойындарында жеңіске жетті. Ерлік Сертай, Вадим Шарлаимов, Кирилл Проходов бастаған ерлер командасы алғашқы айналымда Қырғызстанды 45:34 есебімен ығыстырып, жартылай финалда Оман спортшыларын да ірі есеппен (45:26) жеңді. Алтын медаль үшін өткен додада Сауд Арабиясы құрамасын 45:29 есебімен тоқтатты. Семсерлесу сайысынан біздің жігіттер биыл орасан олжаға кенелді. Сауд Арабиясына аттанбас бұрын әлем чемпионатында тұңғыш рет қола медаль олжалады.

• Үндістанда бокстан әлем кубогінің қорытынды кезеңі мәресіне жетті. Еліміздің ерлер және әйелдер құрамасына 1 алтын, 1 күміс, 6 қола медаль бұйырды. 85 кг салмақта Сұлтанбек Айбарұлы финалда өзбекстандық Жасурбек Юлдошевтен басым түсіп, Әнұранымызды шырқатты. Нұрбек Мұрсал (70 кг) алтын үшін айқаста үндістандық Хитеш Хитешке есе жіберіп, күміс медальды қанағат тұтты. Әлем кубогінің қола медалі Санжарәлі Бегалиев (80 кг), Даниял Сапарбай (+90 кг), Жансая Рахымберді (51 кг), Ұлжан Сәрсенбек (57 кг), Диана Мағауияева (80 кг), Әсел Тоқтасынға (+80 кг) бұйырды.

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

САПАБЕК ӘСІП – 100

Ең құрметті журналист

Биыл белгілі қаламгер, филолог-ғалым, ұлт қайраткері Сапабек Әсіптің туғанына 100 жыл толды. Қарт көсемсөзші бар саналы ғұмырында Алаш ардақтылары ұстанған ұлт мүддесін мұрат тұтты. Осы жолда күрескерлік мақсатынан таймады.

Азамат ЕСЕНЖОЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Қазақ үшін ең қастерлі дүние – жер. Осы ұлан-байтақ даланы бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғады. Сөйтіп, кейінгі ұрпаққа құнды мұра қалдырды. Алайда әр заманда ұшқан құстың қанаты талатын сайын далаға қызыға да, қызғана да қарағандар көп болды. Әсіресе үш ғасырға созылған отаршылдық саясат халқымызға өте ауыр тиді. Шындығында, ел еңсесін көтертпеді. Тұқыртып тастады. Оты, суы мол құнарлы жерлер тартып алынып, келімсектерге берілді. Қонысынан айырылған жергілікті жұрт шөл және шөлейт аймақтарға ығыстырылды. Осы жан ауыртып, өзек өртейтін мәселені мерзімді баспасөзде алғаш көтерген қаламгердің бірі – Сапабек Әсіп еді. Айтулы тұлға бұл тақырыпты тереңнен тартып ашып жазды. Ашынып жазды. Бұған ол «Қауқарсыз қазақ мәселесі» атты кітабындағы «Жерсіз күніміз жоқ» атты мақаласында кеңірек тоқталған. Онда: «Қазақтар XIX ғасырдың 70-жылдарынан бермен қарай құнарлы жерлерінен айырыла бастаған. Ақырында келіп қазан төңкерісіне дейін 45 миллион десятина таяқ шаншыса тал шығатын құнарлы жерін қолдан берген. Оған ішкі Ресейден көшіріп әкелген кәдімгі крестьяндар, жері жоқ мұжықтар қоныстандырылған. Сөйтіп, қазақтар жауатын жаңбыры жоқ, шалқып жатқан көлі жоқ, буырқанып ағып жатқан өзені жоқ, жерінің бетінде құнарлы топырағы жоқ шөл далаға қуылды», дейді шамырқанып. Тағы бір еңбегінде: «Қазақстан территориясында 271 миллион гектар жер бар, соның 180 млн гектарын біз жайылымдықтар деп жүрміз. Оның үштен бірі шөл және шөлейт, қонысқа, шаруаға жарамайтын жер. Не дұрыстап мал бағуға келмейді. Шапсаң, гектарынан 1,5-2 центнерден артық шөп ала алмайсың. Ал құнарлы жерлерден бір гектардан 10-15 центнер шөп алуға болады. Шөлейт жерге шығарған шығынның есебі мынадан бес есе артық, алатын өнім бес есе төмен. Онымен қалай күн көруге болады?», дейді көсемсөзші.

Кеңес өкіметінің шаңырағы шайқала бастаған жылдары елімізде «артта қалған 71 аудан» деген мәселе жиі көтерілді. Бұл проблема бекер айтылмады. 1989 жылғы 27 наурызда Қазақстан КСР Министрлер кеңесі Президиумының кеңейтілген жиынында республикадағы аудандардың экономикалық-әлеуметтік жайы талқыланды. Сол уақытта елімізде барлығы 205 аудан болған екен. Солардың арасынан дамуы жағынан кейін қалған 71 аудан нақтыланған. Ал тұрғындарының табысы аз, күнкөрісі қиын, әлеуметтік жағдайы өте нашар 30 аудан анықталған. Бұл – жері жұтаң, күре жолдан алыс, теміржолы жоқ елді мекендер. Ең негізгісі, дамымай қалған аудандарда қазақтар қоныстанған. Осы жағдай қаламгерді қатты ойландырды. Қаншама сериялық мақалалар жазды. Билікке жергілікті жұртты құнарлы өлкеге қоныстандыру керек деп мәселені тікесінен қойды. Дамыған елдерде ондай жерде өмір сүрген халыққа 200-300 пайыз қосымша

қаржы төлейді. Ал бізде оны ескерген ешкім жоқ деп дабыл қақты.

Ғылымда «Тантал азабы» деген ұғым бар. Осы тақырыпқа алғаш тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмаханов қалам тербеген. Бұл термин грек мифологиясынан алынған. Тантал – ауыр қылмыстары үшін мәңгілік шөл, аштық азабына кесілген ұғымды білдіреді. Ұлт қайраткері ғалымның осы еңбегін кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиет кітабы деп бағалады. «Қазақтың «Тантал азабын» тасқа басылған тарихи әдебиетте көрсетіп, дәлелдеу дегеніміз ұлттық қасіретімізді ашып айтып, өзімізді өзімізге таныту болғанын түсіну қиын емес. Бар қырсық соған тиісті, мән бермегеніміз ғой. Тәуелсіздік алдық. Бірақ оның ауыр зардаптары – «Тантал азабынан» қазақты құтқару мәселесі күн тәртібіне әлі қойылған жоқ. Шөл және шөлейт аймақ тұрғындары күні кешегідей «мұз үстіндегі балықтай» тулап жатыр. Бұл жер қадірін білмегендіктің қырсығы», дейді ол. Кейін осы мәселені одан әрі індете қаузап, «Танталовы муки степи» атты орыс тілінде кітап шығарды.

Барлық саналы ғұмырын ұлтқа қызмет етуге арнаған қарт журналист әр дүниесінде халқымыздың өз жерінде тартып отырған тауқыметін ащы шындықпен жазды. 90-жылдардағы экономикалық қиыншылық, әсіресе қазақ ауылына ауыр соққы болып тиді. Ауыл тұрғындары күнкөріс қамымен жаппай қалаға көше бастады. Осы үрдіс әлі де үзілген жоқ. Отыз жылдан бері ауылдың да жағдайы жақсарып кете қоймады. Қаншама елді мекендер жер бетінен жойылды. Бұл мәселені Әсіпұлы азаттық алған тұстан бастап көтерді. Оған автордың «Ауыл мүддесіне тәуелді емеспіз бе?», «Ауыл көшіп барады», «Ауыл байғұс мінекей» атты мақалалары дәлел. Осы жылдары қиыншылық құрсауында қалған Торғайдағы жерлестерін қолдау үшін арнайы қор ашып, қарлығаштың қанатымен су сепкендей көмек қолын созды. Көпбалалы отбасыларға тегін ұн үлестірді.

Дәл осы кезеңде құрт ауруымен ауырғандар арасында басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда байырғы халықтың саны үш есе көбейген. Оның себептері де бар. Сонда автор «Туберкулез – геноцид қаруы» атты мақаласында былай дейді: «Қазақты геноцидтен шын азат ету үшін ең басты екі міндетті орындауға қажет: біріншіден, патша өкіметі тартып алған құнарлы аймақтарды байырғы иелеріне қайтарып, жаңадан қоныстандыру; екіншіден, шөл және шөлейт аймақтарға резервациялар мәртебесін беріп, соған лайықты жеңілдіктер жасау мәселелерін күн тәртібіне қоюды білмеді. Сондықтан да қазақ геноцид соққысы астында қала береді».

Бірегей тұлғаның тағы бір ерлігі – қазақ жерін сатуға қарсылығы. Сол үшін талай мәрте басын бәйгеге тікті. Биік мінберлерде сөз алып, кесіп сөйледі.

«Менің айтарым – қазаққа жаны ашитын үкімет болатын болса жерді жекеменшікке де бермеу керек, жерді сатуға да тыйым салу керек. Ең алдымен қазақтарды құнарлы жерлерге орналастырған жөн. Жерді сату, оны жекеменшікке беру – қазақтың келешегін құрту деген сөз», деп қанжардай тіліп айтты.

Жаңа ғасыр басында Сапабек Әсіпұлы Қазақстан Жазушылар одағы жанынан «Жер және қазақ тағдыры» атты комиссия құрып, соның төрағасы болды. Оған белгілі жазушыларды тартты. Комиссия ел тағдыры жайында бірталай жұмыс атқарды. Парламент депутаттары алдында жерді сатпау жөнінде елдің мұңы мен зарын айтты. Үкіметке жер мәселесін нақты дәлелдермен жеткізді. Журналист осы ұстанымын ақырғы демі үзілгенше өзгертпеді. Марапаттан да бас тартты. Алайда қайраткер еңбегі еш кеткен жоқ. Парламент Сенаты: «Жер сатылмайды және шетелдіктерге жалға берілмейді», деген түзетулермен «Жер туралы» заңды қабылдады. Бірақ бұл заңды өзі көре алмады.

Ұлт қайраткерінің барлық өмірі күреске толы. Бұғанасы қатпаған бала жасынан еңбекке араласты. Аудандық, облыстық газеттерде қызмет істеді. Қазақ совет энциклопедиясы бас редакторының бірінші орынбасары болды.

Мен Сапабек есімін бала күнімнен естіп өстім. Өйткені біз бір ауылдан боламыз. Ел қариялары оның жасынан ауырып, қиындық көрсе де, көздеген мақсатына жетпей қоймайтын мақсаткерлігі мен еңбекқорлығын сүйсініп айтатын еді. Біздің ауылдан шыққан алғашқы қаламгер еді. Осыдан бес жыл бұрын «Ana tili» газетінде «Қара нарлар қатары көбейсін» деген мақаласында белгілі публицист Қайнар Олжай: «XXI ғасыр басындағы ең құрметті журналист – Сапабек Әсіп», деп баға берді. Мұндай құрметке қалам ұстаған журналистің бәрі ие болмайды. Оған ұлтқа жан-тәнімен қызмет еткен азамат қана лайық. Сапабек Әсіп осындай тұлға...

ЭЛЕГИЯ

Күздің ұзақ кеші...

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Қаздар қайта салысымен жауған қар еріп кеткен. Таудың теріскейінде ғана ала қанаттанып жатыр. Күздің ұзақтығы төрт түлікпен күнелтіп отырған ауылдағы ағайынға жайлы болып тұр. Ықылым заманнан тас қораның иық тұсын жайлаған Бабай бұл уақытта ауылға түсіп қоюшы еді, биыл қойын өргізіп, әлі отыр. Әудем жердегі жалғыз үйдің сығырайған жарығы ауылдан көрініп тұрады. Төрттен жанатын жарыққа қарап, не де болса, күз ұзақ болады дескен ауылдың үлкендері. Олай дейтіні, Бабайдың күн райын болжауы дәл келеді. Қандай тылсым барын кім білсін, қорасының қабырғасына қағып қойған шыбыққа қарап, күн жауады иә болмаса ашық тұрады деп дөп басып отыратын. Қағазы сарғыш тартқан қойын дәптеріне күннің райын күнделікті түртіп отыратын. Жас шамасы сексеннен асқан ақсақалдың азан шақырып қойған аты – Мәуітқазы. Қожыр-жожыр желкесіне, түсіңкі қабағы мен өткір көзіне, қолағаштай танауына, едірейген мұрттың астынан салпиған ерніне қарап, ауылдастары Бабай атап кетсе керек-ті. Елмен есендескені болмаса, ашылып көп сөйлесе бермейді. Қайбір жылы қаладағы ұл-қыздары көшіріп аламыз деп үгіттеген де. Бала жастан дала кезіп өскен ол қалаға барып қамалсын ба?! Табиғатта тудым, табиғатта өлем деп тоқтау салған.

Алтайдың табиғаты қай мезгіл болмасын, құлпырып тұрады. Тіпті мынау жүдеу тартқызған қара күздің өзі қандай ғажап?! Аптасына бір рет шығар, қойы күнгей бетке шығып, үйездей қалған уақытта буырыл қасқасын тақымдап, ауылға түседі Бабай. Дүкеннен керек-жарағын қос қоржынына толтырып, мәдениет үйінің бір бұрышындағы кітапханаға тоқтайды. Сол кітапхананың бұрылысында Бабайдың атынан басқа көлік көрмейсің. Оқымаған кітабы жоқ шығар. Бұл жолы алған кітабын жата-жастана сан қайтара тағы оқыды. Оралхан Бөкейдің «Кербұғысы». Өзі де тағылықта өмір сүрген соң ба, аң-құс, тау-тас туралы жазылған шығармаларды көп іздейді. Тұрып жатқан төңірегін ғана емес, тұтас Алтайды кесе-көлденең аралап шыққан. Қыстың боран-шашынына қарамастан, табаны терімен қапталған көң шаңғысын іліп алып, кете беретін. Сондайда, анау таудың арғы жағында не бар десең, тау бар деп қысқа қайыратын. Есімде, бірақ рет, қойын қынадай қырған көкжалды қақпанмен алғанын айтып мақтанған; «Колхоз-совхоз тарап, пайға тиген қойды қораға әкеліп қамағанымыз сол болған. Ертесі таңертең қой қораның есігін ашсам, тірі тұяқ қалмаған. Тегін келген текке кетті дейін десем, колхозға еңбегім аз ғана сіңген жоқ. Ашуға мініп, көкжалдың ізіне түстім. Қаңтардың қақаған аязы. Қоржында жылқының тезегіне бір қайнатып алған қақпаным. Ауылдың шетіндегі жылап аққан бұлақты жалдай өрлепті. Күніне жетпіс шақырымды еңсеріп тастайтын ит-құсқа ілеспейтінімді білемін. Бұлақтың бастауындағы жайылып аққан тұсына қақпанымды құрдым да, шынжырын қардың астымен апарып, томарға екі орап байладым. Ертесінде есік пен төрдей көкжал түсіпті. Шоқпармен ұрып, әзер өлтіргем» деген.

Бүгін де кітапханадан алып келген кітапты аударып-төңкеріп, «Қасқыр ұлыған түндені» оқуға кіріскен; «Қыстың ұза-а-ақ кеші... Осындайда бойыңды кернеген суықты қуып шығар айла іздейсің; осындайда «жойылсын бұйығы тірлік!» деп жар салғың келеді. Ымырт үйіріліп, қас қарайса болды, сулы-сылпың кешкі асын іше салып, тас бүркеніп жатып қалар ауылдағы ағайынды сағынасың. Әбден қысқарып, бір қайырмаға 158 келмей қалған күн суық жүзбен таудың қыр желкесінен төніп тұр. Ақ көрпесін айқара жамылған айналаңыз жылдың басқа мезгіліндей емес, күміс нұрға шомылып, қараңғылыққа ырық бермей ұзап барып ұғысады, түннің қап-қара отауына барып кіреді...» деп бастап оқыды да, кітапты кір сіңген жастықтың астына қоя салып, пештің аузына қарай отырды. Темекісін тұтатты. Көк түтінді бұрқ еткізіп, «Оралхан тірі болса, күздің ұза-а-ақ кеші деп бастар еді шығармасын. Бәлкім мен де кейіпкеріне айналар ма едім» деп күбірлеген. Иә, Бабайдың кешкен тірлігі ауылдың іргесіндегі қорада дегенің болмаса, Қоңқайдан кем емес. Өркениет көшінен кеш қалған. Тіпті қолында қарапайым қалта телефоны да жоқ. Тілін білмеймін деп ұстамайды. Оның тілдесетіні тек табиғат, кітап. Кітап оқып жатып, қайта атып тұрған. Өрнектің тұсында өрімдей қызды өлтіріп тастаған Алтайдың қасқырларын ол да қырып салғысы келді. Заң рұқсат берсе, жаман ауыздың біреуін қалдырмай қырып салар еді. Оны ғана емес, қаптаған қабанды да қырып тастауға дайын. Аң аулауға заң тыйым салғалы қабан қаптап, елік азайған. Құстар құрыған. Дала доңызы еліктің лағын, құстардың жұмыртқасын жайпап жүре береді екен. Табиғатпен біте қайнаса қартайған Бабай соның бәрін байқап келеді. Байқап жүргенімен, оның үні анау төрде отырған басшыларды қойып, округіндегі шолақ төрелерге де жетпейді. Қой соңында жүрген қойшы деп те елемейді оны. Әйтпесе, жинаған білімі де мол.

Күздің ұза-а-ақ кеші. Манауырған Алтай жоталарын кешкісін тұман тұмшалаған. Әне-міне қар қылаулайтын сияқты. Көшеде көлденең жүрген кісі қарасы көрінбейді. Қар жауған түні біздің жақ ертегі кейіпке еніп, құлпыра түссе де таңдана, таңғала қарайтындар некен-саяқ. Тас қора жаққа көз салып едік, Бабайдың жарығы көрінбеді...

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Айқайшы

Туған ауылынан тапжылмаған Мелістің балалық шағы ауыр жылдармен тұспа-тұс келген еді. Қаршадай қара баланың көрмегені жоқ. Әкесі майданнан оралмады. Ауыр бейнеттен көк иық болған шешеде дамылдық болмайды. Бір үйде үш бала. Ересегі өзі болғандықтан, іні-қарындасына нан тауып берудің қамымен күзгі жиын терінде масақ теретін-ді.

Егін орағының қызған кезі еді. Үйде тіске басатын түйір жоқ. Есі кіріп қалған Меліс інісі мен қарындасын шешесінің сиыр фермесінен еңбекқүн есебінде алатын көк сүттен жиған тас құртпен алдандырады.

Таңнан егін орағына кеткен шешесі соңыра маған келіп кет деген-ді. Өзінің де өзегі талып інісі мен қарындасының қыңқылынан мезі болған ол егін алқабын бетке алған. Егінжайға іліге бергенде шешесінің төбесі көрінді. Байламға түйген қос уыс дәнді қолына ұстата берген. «Ұсталып қалма, зыт көзге көрінбей!» дегенін қаперге алған қара бала бұрына жүгіргіштеп бара жатты. Қарсы алдынан шыға келген ақи көз біргәдір Жолпан баланы ат бауырына алды. Кеудесіне басқан дәннен өлуі бар айырылғысы жоқ ол жанұшырып жеткен шешесінің артына тығылды. Біргәдір мен шешесінің салғыласы толық есінде қалмаған еді. Қос уыс бидай көрексіз қалған үш балаға екі-үш күнге тәлкесу болған-ды.

Сол бір аянышты оқиға Меліс қарттың көкірегіне шор болып байланып қалды. Ауық-ауық көз алдына келіп, нұрсыз жанарына жас үйіреді. Мектептегі оқуын тауысып, ілгерілеп білім алуға талаптанғанда, агроном болғанды қалаған. Сірә жер тәліміне жетік мамандықты таңдауына бір уыс дәнге зар болған ашөзек күндер себеп болса керек.

Кіші агрономдыққа қол жеткізген Меліс қырық жыл туған ауылында еңбек етті. Жержады шалға Қаракемер елді мекені алақанға салғандай айқын. Бұл ұжым «Өркен» совхозының бір бөлімшесі болатын. Кеңшар жаңа тәртіпке көшкенде шаруашылық жауапкершілігі шектеулі серіктестікке бөлініп кетті.

Қалаға орнаған балаларына ермей түпқазықта қалған Мелісті ауылдастары аса жақтыра қоймайды. Тықақтаған мазасыздығынан ығыр болған үлкен-кіші кешегі бірдейшілік кезеңді аңсайтын оны «Айқай шал» деп кекейді. Ол қоғамда тәртіп бар еді. Жекеменшікке негізделген жаңа кезеңді Мелістің суқаны сүймейді. Жыртыла-жыртыла көкбеттеніп кеткен күтімсіз танаптарды көргенде, айқайға басатыны бар.

– Әй, қарағым! Ауыспалы егіс жүйесін неге сақтамайсыңдар? – дейді шаруашылық қожасына.

– Онда сіздің жұмысыңыз қанша?

– Жұмысым сол! – дейді агроном шал көзін ежірейтіп. – Жер тәліміне жетік мамынмын. Топыраққа да күтім керек.

– Маған өкіміңіз жүрмейді, ақсақал! – дейді қожалық жетекшісі. – Жердің иесі сіз емес, менмін.

– Оттаған екенсің! – дейді қиқар шал қамшысын білеп. – Жердің иесі халық емес пе?

– Ол ертегіңді үкіметке айт! – деп қасарысады шаруа қожалығының иесі. – Егістікті пайдалану өз еркімде. Жұмысқа мешайт жасамай жайыңызға жүріңіз!

– Үлкендігімді сыйласаң етті! – дейді агроном шал дымы құрып. – Сіздікі жөн деп айта салсаң нең кетеді?

– Олай дей алмаймын! – деп тұлан тұтады жер иесі. – Мені тергейтіндей сонша кімсіз?

– Менің кім екенімді аяғыңның астындағы топырақтан сұра.

– Топырақ өлі нәрсе, ақсақал!

– Оттапсың! – дейді агроном шал. – Көкиіп жүргенің топырақтың арқасы емес пе?

Үйде омалып отыруға жоқ ол аз ауылдың адамдарына да мазасыз. Жарапазандаған жау жетті айқайынан мезі болғандар оны көргенде есіктерін жауып алады. Бейсауат бос жүрген бұзау-торпақты теміржол табанынан қуалап тастаған соң, шеткергі үйдің дарбазасын құрықшамен қоймай-қомай түйгіштеді.

– Уай, келін! Бұзауыңа неге ие болмайсың? – деді үйден жүгіре шыққан әйелге. – Жаз шыққалы оншақты бұзау пойыз табанына түсті, обал емес пе!

– Оған бола басыңыз ауырмасын, ататай! – деп әйел суырылып берген. – Қолдағы аз малдың қысқы шөбінің өзі уайым болып тұрғанда бұзауларды жазда қорада ұстап немді берейін?

Сөзден тосылған қарттың дымы құрыды. Күрең жорғасын тайпалтқан ол ауласы қоқыр-соқырға толып кеткен ортаңғы үйдің дарбазасына құрықшасын төндірді.

– Үйіңнің маңайы ыбырсып кетіпті ғой, шырағым! – деді сақалды жас жігітке.

– Қатырамыз, ақсақал! – деді ішіңкіреп жүретін ол.

– Балам-ау, тәртібіңді түзесеңші! – деді кәрие жылармен болып. – Бір сау жүретін күнің жоқ.

Алды қатты мінезді қарттан тайсалған ішкіш жігіт бұрылып кетті. Айқай шалдан балалар да ықтап кетеді. Әдепсіз тентектерді шықпыртып жібереді.

Осы мазасыздығы Меліс қартты ақыр соңында бір шатаққа ұрындырды. Біреудің ерке баласын жөнге саламын деп басы дауға ілінді. Балажан әке-шеше айқайшы шалды заң орнына беріп, әлек-шәлегін шығарды.

– Ақсақал, бұныңыз дұрыс болмаған! – деген тергеуші суық томсарып. – Бала мен ананы қорғау турасында заң шыққанын білетін шығарсыз. Біреудің шіп-шикі баласына қамшы білеп, жүрегін ұшырып... сізге не көрінді?

– Шыдамай кеттім!

– Қаршадай бала нені бүлдіргендей!?

– Бүлдіргені сол, жүгермектің! – Меліс қарттың бет қатпары қопсып бара жатты. – Жолда қалып кеткен бөлке нанды доп қып теуіп жүргендерін көріп қап... Біреуі қолыма түспей кетті, әттең! Екіншісін ашумен шықпыртып жібергенімді мойындаймын.

– Сотталасыз ғой, ақсақал?

– Мейлі ғой! – деген қиқар қарт ауыр теткіп. – Тіршіліктің арқасында түрмесін де көріп кетейін.

Шартты жаза алған «Айқай шал» кемпірінің қасында қала берген. Мінгішін өріске жіберді. Тықақтаған мазасыздықтан сап тыйылған кәрі шөңге өткен-кеткенді қағазға түсіретін машығына кіріскен еді. «Теке тойлы болып кеттік, түге! Нан тептілік түбінде бір қараға ұрындырады. Бір уыс бидайға зар болған ашөзек күндер есімнен еш кетпейді» деп жалғастырды ойын.

Өмір КӘРІПҰЛЫ,
жазушы

Коллажды жасаған – Алмас МАНАП, «EQ»

Ниет болса, жұмыс бар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауына орай, Шымкентте «Еңбек өмірдің тұтқасы» атты бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Онда мыңнан астам жұмыс беруші екі мыңға жуық жұмыс орнын ұсынды.

Еңбек мобильділігі орталығы 227 мекемеге қажетті мамандықтар тізімін жариялады. Жәрмеңкеге мемлекеттік мекемелер мен индустриалды аймақтардағы кәсіпорындардың өкілдері қатысты. Олардың арасында «Назар Текстиль», «Бал текстил», «Алтын-дан», «Marvik partners», «Wan sheng ceramic», «KARLSKRONA», «Altyn Land», «Фиркан», «Oks group», «Rixos Khadisha Shymkent» сынды өндіріс пен сервистік қызмет саласындағы ірі компания бар.

Іс-шара барысында қала әкімі Ғабит Сыздықбеков жәрмеңкені аралап, бос жұмыс орнын ұсынған кәсіпорын өкілдерімен тілдесті. Шаһар басшысы жұмыс берушілерге еңбек заңнамасы мен қауіпсіздікті сақтаудың, жұмысшылардың айлық жалақысы мен міндетті әлеуметтік төлемдерін өз уақытында төлеп отырудың маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ елдің экономикасын көтеруге жұмысшы мамандық иелерінің тигізер пайдасы зор екенін айтты. Халық тұтынатын тауардың барлығы дерлік еңбек адамдарының қолымен жасалатынын жеткізді. Сол себепті мемлекет бүгінде қарапайым еңбеккерлердің қоғамдағы абыройы мен беделін өсіруге барынша ықпал жасайтынына тоқталды.

Қала әкімі жергілікті атқарушы билік жұмысшы мамандықтарына қолдау білдіру үшін арнаулы оқу орындарына берілетін грант көлемі ұлғайғанын еске салды. Колледждерде еңбек нарығында сұраныс тудырған кәсіптерге сай жаңа мамандықтар ашылды. Мәселен осы күнде театрда сахнаны көркемдеуші, жарық беруші секілді мамандықтар жетіспейді. Осы салада ұзақ жылдан бері қызмет істеп келе жатқан мамандар зейнет жасына жетті. Тіпті одан асып кеткендері бар. Міне осы олқылықтың орнын толтыру үшін колледждер жаңа мамандыққа оқыта бастады. Осы орайда қала әкімі жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы беделін арттыру бағытындағы игі іс тоқтаусыз жалғаса беретінін жеткізді.

Мегаполистегі колледждер су саласына қажетті гидротехник секілді мамандықтарды оқыту бағдарламасына енгізді. Бір кездері осы мамандықты игергісі келетін жастар қатары қалың еді. Кейін 90-жылдардағы тоқырауда оның бәрі қысқарып, керексіз болды. Былтырғы алапат су тасқыны тұсында қарапайым су мұрабы сияқты маманға деген қажеттіліктің бары қоғамда қатты сезілді. Кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында осы мәселені көтеріп, су саласының мамандарын даярлауды қайта қолға алу қажеттігі жөнінде Үкіметке арнайы тапсырма берді. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Шымкентте қазір жастар гидрология саласы мамандығын меңгере бастады.

Жәрмеңке барысында Еңбек мобильділігі орталығының қызметкерлерін «Enbek.kz» порталының мүмкіндіктерін келушілерге жан-жақты таныстырып өтті. Олардың айтуынша бүгінгі цифрлық технология дамыған заманда интернет көмегімен үйде отырып-ақ құжаттық рәсімдерді оңай орындауға болады. Бұрын жұмыссыз ретінде тіркелу, одан жұмысқа орналасу көп қағазбастылықты талап ететін. Қазір цифрлық технологияның арқасында барлық құжаттық рәсімдер электронды түрдегі қызметке ауысты. Мұндай онлайн қызметтің тағы бір пайдасы сыбайлас жемқорлық жағдайын тудыратын әрекеттерді күрт азайтты.

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы таратқан мәліметке сүйенсек, 2024 жылы шаһарда жұмыссыздық деңгейі 4,8% болды. Мамандардың сөзінше жұмыссыздық деңгейін төмендетудің бірден бір жолы – қала әкімдігінің ұйымдастыруымен тұрақты түрде өтіп тұратын бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі. Жыл басынан бері осындай 8 жәрмеңке өтіп, оған түрлі санаттағы кәсіпорындар қатысып, мыңдаған жұмыс орнын ұсынды. Сонымен қатар іс-шарада жұмыссыз жүрген азаматтарға мемлекет тарапынан көрсетілетін жұмыспен қамту шаралары туралы айтылды. Кәсіптік оқыту, жастар практикасы, әлеуметтік жұмыс орындары, «Алғашқы жұмыс орындары», «Күміс жас», «Үрпақтар келісім шарты» жобалары, қайтарымсыз негіздегі грант сынды қолдаулардың игілігі түсіндірілді. Бүгінге дейін жәрмеңке арқылы мыңға жуық адам жаңа қызмет тауып еңбекке тұрған. Оның ішінде 615 адам тұрақты жұмысқа, ал 269 адам уақытша жұмысқа орналасқан. Осынау игі істердің нәтижесінде 2025 жылдың III тоқсанында жұмыссыздық деңгейі 0,1% төмендеп, 4,7% болды. Өз кезегінде жастардың жұмыссыздық деңгейі 3% аралығында сақталып отыр. Жұмыссыздық мәселесіне жауапты басқарма мамандары Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіндегі «Enbek.kz» порталының мүмкіндіктерін апта сайын сәрсенбі күндері жұртқа кеңінен түсіндіріп келеді.

Жәрмеңке барысында қаладағы кәсіпорынның бірі «Alsera kz» ЖШС өкілдері мекемеге 52 адам қажет екенін мәлімдеді. Оның 50-і қарапайым жұмысшы. Оларға төленетін еңбекақы 150 мың теңгеден басталады. Сосын бас есепші қажет. Бұл мамандық иесінің жалақысы 500 мың теңге екен. Шығындарды есепке алу жөніндегі маманның да табысы 500 мың теңге мөлшерінде. Кәсіпорын бірнеше әлеуметтік жеңілдік қарастырып отыр. Оған тегін тасымалдау қызметі мен тегін ыстық тамақ кіреді.

Кілем және кілем өнімдерін тоқитын шаһардағы танымал кәсіпорын «Бал Текстиль» ЖШС өкілдері жәрмеңкеге 54 жұмысшы іздеп келіпті. Оның 30-ы тоқыма машинасының операторы. Еңбекақы 275 мың теңге шамасында. Дизайнер мамандарына 300 мыңнан астам айлық жалақы төлейміз дейді. Аспаз, тазалықшы, байланыс операторы мен күзетшілердің еңбекақысы да 150 мың теңгеден кем емес. Мұнда да фабрика жұмысшыларға әлеуметтік жеңілдіктерден тегін тасымалдау қызметі мен тегін берілетін ыстық тамақты атап өтті.

Жәрмеңкеде кәсіпорын, мекемелерден бөлек, қайтарымсыз грант алып өз ісін ашқан 431 шағын кәсіпкер өнімдерін көпшілік назарына ұсынды. Ұйымдастырушылардың айтуынша мемлекет тарапынан берілетін грант шағын және орта бизнестің дамып, күш алып кетуіне үлкен көмегін тигізіп отыр. Осы демеу қаржының арқасында жаңадан кәсіп ашып аяққа тұрып кеткен кәсіпкерлер жетерлік. Олардың алды аймаққа танымал іскер азаматтар қатарына ілікті. Әсіресе грант қаражаты үйінде отырып тәттілер пісіретін кондитерлік цех ашуға немесе қора салып мал бордақылаумен, айран-сүт өндірумен айналысуға ниеті бар жандарға үлкен демеу болды. Экономиканы өрге сүйреуші күш шағын және орта кәсіпкерлік десек, осы саланың өркендеуіне бизнес бастамаларға берілетін грант көп септігін тигізді. Сонымен қатар грантпен кәсіп ашудың әлеуметтік маңыздылығын да ескере кеткен жөн. Бұл тұста кәсіпкерлер тек өзін ғана емес, айналасындағы жақын туыстары мен достарын да қосымша жұмыспен қамтиды. Сол арқылы еліміздегі жұмыссыздық деңгейінің азаюына оң ықпалын тигізіп отыр десек болады. Сол себепті де жұртты босқа қарап жатпай әрекетке талпындыру мақсатында жәрмеңкеге грант иелері арнайы шақыртылыпты.

Басқарманың берген ресми деректеріне үңілсек бүгінге дейін жұмыспен қамту шараларына 22 178 адам қатысқан (4 500 адам кәсіби оқыту, 3 104 адам кәсіпкерлікті дамыту, 5 225 адам субсидияланатын жұмыс орындары, 12 175 адам бос жұмыс орындары негізінде қолдау тапқан). Мұнымен қоса Даму бағдарламасы, тұжырымдамалар мен жеке бастамалар арқылы 22 850 адамға арналған бос жұмыс орындары құрылған.

Одан бөлек, Шымкент қаласында жалпы биыл 49 655 адамды жұмыспен қамту шарасына тарту жоспарланса, қараша айының басында 48 174 адам мемлекет қолдауының шарапатын көрді. Соның нәтижесінде белгіленген меженің орындалуы 97 пайызға жетті. Мамандар бұл бағыттағы жоспар жыл соңына дейін орындалады деп отыр. Тұрақты және субсидияланатын уақытша (мәселен «Жастар практикасы», Қоғамдық жұмыс, Алғашқы жұмыс орны, Әлеуметтік жұмыс орны, Үрпақтар келісімшарты) жұмыс орындары, қысқамерзімді кәсіптік және онлайн платформаларда кәсіпкерлік дағдысын қалыптастыратын оқулар да жұмыспен қамтудың бір тетігі. Жоспарға сәйкес, аталған қолдау шараларына биыл 27 825 адам тартылуға тиіс. Бүгінге дейін осы тетіктер арқылы 22 178 адам екі қолға бір күрек тауып, еңбегінің игілігін көруде. Шымкент қаласының даму тұжырымдамасы мен жеке бастамалар (жекеменшік мектеп, балабақша, емхана, спорт нысандары, қызмет көрсету салалары) негізінде ашылған жұмыс орындарына жыл басынан бері 26 мыңға жуық азамат орналасты.

«Жұмыспен қамту бағытында еңбекке қарсы көрсетілімі жоқ мүгедектігі бар азаматтар да шет қалған емес. Жыл басынан бері 961 ерекше жан жұмысқа орналастырылды. Сондай-ақ пробация қызметі есебінде тұрған 48, бас бостандығынан айыру мекемелерінен босап шыққан 16 адам жұмыспен қамтылды. Жұмыспен қамту шараларының тағы бір бағыты – қысқамерзімді кәсіптік оқу. Биыл 760 адам осы бағытта оқыды. Оның ішінде 600 тұрғын жұмыс берушілердің жұмыс орнына, 160 тұрғын білім ұйымдарында жаңа кәсіп үйреніп жатыр. Субсидияланатын жұмыс орындарынан – Жастар практикасы бағдарламасына – 1 727 жас, Әлеуметтік жұмыс орындарына – 116 адам, Қоғамдық жұмыс бағдарламасына – 2 655 адам, Алғашқы жұмыс орны бағдарламасына – 364 жас, Үрпақтар келісімшарты жобасына – 10 жас маман мен зейнет жасына жақындаған азаматтарға арналған «Күміс жас» жобасына 477 тұрғын қатысып отыр. Сонымен қатар жұмыс күші аз болған солтүстік өңірлерге 343 адам ерікті қоныс аударды. Бұл бағытта терiскейден келетін делегаттар ай сайын қала тұрғындарымен кездесіп, мемлекет қарастырған көмектер жайында халыққа жан-жақты талдап, насихат жұмысын жүргізуде. «Кешегі өткен жәрмеңкеге жұмыс күші аз аймақтардың әлеуметтік салаға жауапты өкілдері де келіп қатысты. Бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі 25 320 балаға атаулы әлеуметтік көмектен 1.5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем тағайындалды. Шаһардағы тұрмыс жағдайы төмен 5016 отбасы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алып отыр. Ең бастысы халықты жұмыспен қамту шараларының нәтижесінде атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылар саны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 59% азайған. Жергілікті атқарушы билік осы алған бағыт бойынша жұмысты жандандыра беретіндерін жеткізді. Бұл әлеуметтік мәселенің елімізде соның ішінде республиканың үшінші қаласында оң шешімін тауып келе жатқанын көрсетеді», деді Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Жанат Өтебаева.

Жұмыс орындарының ашылуы бірінші кезекте экономикалық жағдайға байланысты. Елде кәсіпорындар жұмыс істеп тұрса, әрдайым еңбек нарығында сұраныс жоғары болады. Бұл ретте мегаполисте экономикалық өсім динамикасы жаңа инвестициялар мен кәсіпкерлік белсенділіктің арқасында жылдан-жылға жоғарылап келеді. Тұтастай экономика саласының жандануының нәтижесінде сервистік қызмет пен өндірісте мамандарға деген сұраныс жыл өткен сайын арта түсуде. Осындай оңтайлы өзгерістер сәтінде жұмысшылар да жаңа еңбек нарығына бейімделіп, өздерін кәсіби тұрғыда таныта алуы керек.

Ұлы ақын ұрпағы сая тапқан қала

Биыл елімізде дана Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы аталып өтті. Ақынның туған жері Семей өңірімен қоса республиканың әр аймағында ұлы ойшылдың мерейтойы тойланды. Шымкент қаласы да солардың қатарынан қалмай біраз іс-шараны республика деңгейінде ұйымдастырды. Оның ішінде «Абай әлемі» мен «Абай оқулары» байқауларын айтып өтуге болады. Мегаполисте Абай Құнанбайұлы атында үлкен саябақ бар. Сол саялы мекен төрінен 2009 жылы «Хакім Абай» деп аталатын музей ашылған.

Ұлы тұлғаның туған күнінде осы саябақта салтанатты іс-шара өтіп, «Абай әлемі» республикалық конкурсы қорытындыланған еді. Мерекелік жиынға қатысқан қала әкімі Ғабит Сыздықбеков сөз сөйлеп, ұлы ақын қалдырған мұра халқымыздың мәңгілік рухани азығы екенін мәлімдеді. Биыл жыл басынан бері хакім Абайға арналған бұдан басқа да көптеген рухани кеш пен мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Әсіресе мектептерде өткен мәдени-танымдық кештерде оқушылар ақынның өлеңдері мен қарасөздерін жатқа оқып, әуезді әндерін орындап, шығармашылығынан сахналық көріністер қойды. Осынау мазмұнды іс-шаралардың мақсаты қазақтың бас ақынының мол мұрасын насихаттау, жас ұрпақтың әдебиетке деген қызығушылығын ояту, сондай-ақ мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру болды. Ақын құрметіне орай өткен ауқымды рухани кештің бірі ретінде «Желсіз түнде жарық ай» атты түнгі кітапхана іс-шарасын айта кеткен жөн. Аталған поэтикалық кеште Ж.Шанин атындағы академиялық қазақ драма театры «Абай әлемі» атты мазмұны терең театрлық қойылым қойды. Сонымен бірге осы іс-шарада еліміздің оңтүстігі мен республикаға белгілі ақын-жазушылар қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, ұлы ойшылы Абай шығармалары хақында ойларын ортаға салды. Қаламгерлер сол кеште әлем елдерінің ішінде ағылшындар Шекспирді, немістер Гетені, орыстар Пушкинді қалай бағаласа, қазақ халқының да Абайға деген құрметі өлшеусіз екенін, сондықтан ол әрдайым әлемдік ұлы классиктердің қатарында тұратынын мәлімдеді. Абай Құнанбайұлының шығармаларының құндылығы сол, оны оқыған адам тек әдеби тілдің шұрайлылығына, поэзияның сұлу сөзіне ғашық болып қана қоймай, сонымен бірге өзіне мол рухани азық та алады. Ақынның адамгершілік, арұят, имандылық тақырыбына қалам тербеген шығармалары арқылы оқырман өзін-өзі тәрбиелейді. Себебі онда руханияттың мөлдір бұлақтай таза асыл құндылықтары жинақталған деген ой өрбітті қаламгерлер.

Ақынның мерейтойы аясында Шымкентке мәдени байланыстарды нығайту мақсатында Абай облысы әкімдігінің өкілдері ресми иссапармен келіп кеткен жайы бар. Абайдың кіндік қаны тамған сонау Семей жерінен келген құрметті делегация Шымкенттегі бірнеше мәдени іс-шараның куәсі болды. Соның ішінде Абай атындағы саябақтың дәл алдында тұрған ақынның еңселі ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты. Одан бөлек, ұлы тұлғаның баласы Тұрағұлдың да белгітасының алды гүл шоқтарына толды. Осы тұста айта кеткен жөн, Шығыс Қазақстан өңірі ақынның туған жері, ұрпағының өсіп-өнген аймағы ретінде қаншалықты маңызды болса, Құнанбай әулетінің кейінгі тағдырында үлкен рөл ойнаған Шымкенттің де тарихта өзіндік ізі қалды. Өйткені ақынның ұлы Тұрағұл бір кездері кеңестік империяның қуғын-сүргін салдарынан осы шаһарды өзіне қоныс еткен.

Жалпы, бұл туралы Абай шығармашылығы мен оның бүкіл өмірін тереңнен зерттеп жүрген жас ғалым, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ресми өкілі Әзімхан Исабек былай деп ой толғайды:

«Абай атамыздың 180 жылдығы мерекесі аясында Тұрағұл атамызға да белгітас қойылып, игі іс жасалды. Себебі Тұрағұл Абайұлы Алаштың зиялысы, ақынның аяулы перзенті. Ол кісінің тағдыр жолы өте ауыр болған. Олай дейтініміз өткен ғасырдың отызыншы жылдары Абайдың әулеті қуғын-сүргінге душар болып, атақонысынан жер аударылады. Солардың арасында Тұрағұл да сол заманның зауалына ұшырап, бар мүлкі тәркіленіп осы Шымкент жаққа күштеп көшірілді. Бұл қалада Тұрағұл атамыздың қызы Мәкен апамыз тұрған. Ол кейін оңтүстіктің жігітіне тұрмысқа шығады. Апамыздың жұбайы кезінде құқық қорғау органы саласында қызмет атқарған екен. Тұрағұл Абайұлы 1934 жылы дүние салады. Осы Шымкентке жерленеді. Абайтанушылар зерттей келе оның сүйегі қазіргі Химфарм зауытының астында қалып қойды деген тұжырым жасайды. Кейін біз 2021 жылы қайта іздестіру жұмыстарын бастап, атамыздың жатқан жеріне ең болмаса белгітас орнатайық деген оймен университет жанындағы Мұхтартану ғылыми зерттеу орталығында үлкен басқосу ұйымдастырған болатынбыз. Сол кезде зауыттан бізге Абай ұрпақтарының қайда жерленгені жайлы тасқа қашап жазылған мәрмәр тас табылғанын хабарлады. Соңынан білгеніміздей бұл мәрмәртасты жасатқан Мәкен апамыздың өзі екен. Артынша құнды жәдігерді Мұхтартану орталығына әкеліп қойдық. Содан бері ұлы Абаймен қоса Тұрағұл атамыздың да өмір тарихын зерттеуді жалғастырып келеміз».

Жас ғалымның айтуынша, Мәкен апамыз 2000 жылдардың басында Астана қаласында дүниеден озған. Оның артында қалған қызы Сәуле апамыздың көзі тірі екен. Шымкенттің абайтанушы ғалымдары апамызбен арадағы байланысты үзбей келеді. Мұхтартану орталығындағы мәрмәртасты көргенде «анамның көзі еді» деп қатты көңілі босап көз жасына ерік беріпті. Сөйтіп, осы істің басы-қасында жүрген барша азаматқа өзінің ақ тілегі мен батасын арнапты.

Зерттеуші Ә.Исабектің мәлімдеуінше, мәрмәртас 1995 жылы Абай Құнанбайұлының 150 жылдығына орай жасалған. Сол уақытта белгілі режиссер Сергей Азимов Тұрағұл атамыз бен Мәкен апамыз туралы деректі фильм түсірген. Осы режисерлік жұмыс Абай ұрпақтарының қайда жерленгені туралы мәліметтер қамтыған мәрмәртастың жасалуына түрткі болған. Содан кейін ол ескерткіш тақта ретінде химфарм зауытының қабырғасына ілінген. Алайда уақыт өте келе естелік белгі ұмыт қалады. Арада жылдар өткен соң ғана зауыт басшылығы университетке жәдігерді аманат ретінде тапсырады. Мәрмәртастың құндылығы сол, бұған дейін жұмбақ болып келген Абай Құнанбайұлы әулетінің ішіндегі кейбір жандардың қайда жерленгені нақты белгілі болды. Одан өзге Тұрағұл атамыздың сүйегі зауыттың астында қалып қойғаны, қабірі сол кәсіпорын маңында екені анықталды. «Бұл абайтанушылардың бұған дейін айтып келген бұрынғы болжамдарын түгелдей жоққа шығарды» дейді жас ғалым.

Өз кезегінде қала әкімдігі, тиісті сала басшылары Абай мұрасын зерттеу, оны өскелең ұрпақтың санасына сіңіру бағытындағы рухани һәм мәдени әрі педагогикалық бастамалар ұлы ақын мерейтойы аясынан тыс кезде де тұрақты түрде жалғасын табатынын жеткізді.

Әнуар ЖҰМАШБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

ТАЛАП ЖӘНЕ ТӘРТІП

Қылмыстың алдын алу маңызды

Жетісуда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті күшейтуге бағытталған жұмыстар өз нәтижесін беріп жатыр. Жылдағыдай емес, тәртіп бұзушылардың саны азайған. Құқық қорғау органдары өңір тұрғындарымен тікелей жүздесу барысында бейресми жалға берілген жүрген 62 пәтерді анықтады. Оның көбі облыс орталығы Талдықорған қаласында тіркелген.

Суреттерді түсірген – Жұмабай МҰСАБЕК

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Екі ай ішінде жергілікті полиция инспекторлары облыстағы қала мен ауылдарды аралап, 146 мыңнан аса пәтер мен жеке үйді қарап шықты. Бұл – жалпы жоспардың шамамен үштен екісін қамтиды. Бүгінде белгіленген жұмыстардың 71 пайызын аяқтады. Дегенмен өңірдегі саяжай алқаптарын толықтай тексерген. Көбіне салықтан қашып, пәтерін жалға беретін тұрғындар өте көп. Олар кәсібін барынша жасырын ұстайды.

«Әр учаскелік инспектор тек хаттама толтырумен шектелмей, тұрғындардың мәселесін тыңдауға басымдық берді. Басты мақсатымыз – құқық бұзушылықты тіркеу емес, оның алдын алу. Мәселен, мыңдаған үйді аралау барысында көптеген тұрмыстық мәселе анықталды. Олардың дені әкімшілік шара қолданбай-ақ шешімін тапты. Тұрғындармен тікелей байланыс орнаған сайын сенім де артып келеді. Алда жұмыс тағы жалғасады», дейді жергілікті полиция қызмет басқармасының басшысы Қайсар Мұхметов.

Оның айтуынша, ауылдық аймақтар да назардан тыс қалмаған. Шаруа қожалықтарына жүргізілген тексеріс барысында облыс бойынша шамамен 2 мыңға жуық қожалық тексерілген. Олардың басым бөлігінде заң талаптары сақталған. Бұл бағыттағы көрсеткіш 90 пайыздан асып отыр. Кербұлақ аудандық полиция бөлімінің өкілдері мұндай тексерістердің маңызы тек мал ұрлығының алдын алумен шектелмейтінін, ауылдағы еңбек қатынастарынан бастап көші-қон, қару сақтау, экологиялық талаптарға дейінгі салаларды қамтитынын жеткізді. Ал қарапайым халық шаруаның қауіпсіздігіне де тиімді екенін айтуда.

«Тексеру кезінде инспекторлар тек құжат немесе мал санау үшін ғана емес, қожалықтың қауіпсіздігі, жұмысшылардың құқығы, тіпті экологиялық талаптарға дейін қарап өтті. Бұрын мұндай жан-жақты тексерулер сирек жасалатын. Бұл – тәртіптің күшейгені», деді Қапал ауылының шаруа қожалығы иесі Еркін Нұрмұхамбетов.

Облыстың сауда орындарында да тәртіпті бақылау күшейтіліп, базарлар мен дүкендерде 800-ден аса рейд жүргізілген. Бұл заңсыз сауда, сапасыз өнім, санитарлық талаптарды бұзу сияқты құқық бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етіп отыр. ЖПІШ барысында әлеуметтік әлсіз топтар да ерекше назарға алынған. Екі ай көлемінде облыс бойынша тұрақты мекенжайы жоқ 48 адам ұсталып, оларға қатысты тиісті шаралар қабылданған. Бұған қоса полиция бөліміне жеткізілген жасөспірімдер саны 500-ден асып, олардың басым көпшілігі қоғамдық тәртіпті бұзған немесе түнгі уақытта ересектердің қарауынсыз жүргендер болған. Ювеналды полиция қызметкерлері бұл көрсеткіштердің ата-аналар тарапынан бақылаудың әлсіregенін, сондай-ақ балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мәселесінің әлі де өзекті екенін атап өтті.

«Ауылдағы жұмыс қаланың жұмысынан өзгеше. Біз тек мал ұрлығының алдын алу немесе көші-қонды қадағалау үшін ғана емес, әрбір отбасының қауіпсіздігі үшін барамыз. 2 мыңға жуық шаруа қожалығын аралау кезінде кей жерлерде қару сақтау тәртібі бұзылған, енді бірінде жұмысшылардың құжаттық мәселелері бар екені анықталды. Мұндай тексерудің пайдасы – дер кезіндегі ескерту», дейді облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Әлімбет Смайлов.

Қару айналымы саласы да мұқият тексерілді. Облыстағы 7 мыңнан аса қару иесі тұрғылықты мекенжайы бойынша қаралып, соның нәтижесінде 100-ден аса азаматтың қару сақтау тәртібін бұзғаны анықталды. Қайта тіркеу мерзімін өткізіп алғандар да аз болған жоқ. Сонымен қатар «seventeen» заңсыз қару айналымнан алынды. Екі қару «Қаңтар оқиғасы» кезінде ұрланғандар тізімінде тұрғаны белгілі болды.

Есірткі және темекі бұйымдарына қатысты заңсыздықтар да назардан тыс қалған жоқ. Электрондық шегу жүйелері мен вейп өнімдерін заңсыз сату фактісі бойынша бір қылмыстық іс тіркелсе, Талдықорған қаласында есірткі жарнамасына қатысты граффити де анықталып, жойылған.

Жалпы алғанда, «Учаске» барысында 18 мыңнан аса адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Екі ай ішіндегі хаттамалар саны әрбір қызметкерге орта есеппен 37-ден келеді. Ең жиі тіркелген құқық бұзушылықтардың арасында тіркеусіз тұру, қоғамдық орындарда масаң күйде жүру, тұрмыстық қатынастардағы келеңсіздіктер, ортақ аумақтарды ластау және өзге де әкімшілік нормаларды сақтамау деректері бар.

«Биыл полиция қызметкерлері үйімізге екі рет келді. Бұрын-соңды бұлай аралап шықпаушы еді. Қауіпсіздік мәселесін түсіндіріп, көршілер арасындағы байланыс туралы да кеңес берді. Өз басым мұндай жұмыстардың пайдасы бар деп ойлаймын. Себебі жанымыздағы ескі үйге кімдер келіп-кететінін де анықтап берді», дейді Талдықорған қаласының тұрғыны, зейнеткер Сәлима Қадырқызы.

Құқық бұзушылықтың себептерін жою мақсатында учаскелік инспекторлар 300-ге жуық ұсыным шығарып, мекемелер мен ұйымдарға алдын алу шараларын күшейту жөнінде нақты ескертулер жасады. Тек Талдықорған қаласының өзінде мұндай ұсынымдардың саны 100-ден асып отыр.

Өңірлік полиция департаментінің басшылығы «Учаске» іс-шарасын тұрғындармен кері байланыс орнатудың тиімді жолы деп бағалап отыр. ПД бастығы Қайсар Мұхметовтің айтуынша, учаскелік инспектор – халыққа ең жақын полиция буыны. Сондықтан олардың басты миссиясы тек хаттама толтыру емес, адамдардың мәселесін тыңдап, дұрыс шешім табуға көмектесу, сол арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу.

Екі айлық науқан көрсеткендей, құқықтық тәртіпті нығайтуда кешенді жұмыстардың нәтижесі айқын көрінеді. Тұрғындарды аралау, қоғамдық орындардағы бақылауды күшейту, көші-қон үдерістерін реттеу, қару иелерін тексеру және жастар арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу – бәрі де өңірдің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған біртұтас жүйенің бөлшегі.

Жетісу облысы

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

Вирустық инфекциядан барынша абай болыңыз!

Биыл елімізде эпидемиялық маусым әдеттегіден ертерек басталды. Былтыр алғашқы жағдайлар қарашада анықталса, биыл қазан айының басында тіркелді. Нақ қазір елде тұмаудың 590 жағдайы зертханалық тұрғыдан расталған. Сондай-ақ А типті тұмаудың 587 жағдайы тіркеліпті. Сосын, көпшілік талқылап, «Гонконг» деп атап жүрген тұмаудың түрі де вирустың жаңа штамы емес.

Сәндібек АСАНӘЛІ,
«Egemen Qazaqstan»

Осының барлығын ескеріп отырған Денсаулық сақтау министрлігі әдеттегідей тұмауға қатысы жоқ вирустардың да айналымына мониторинг жүргізіп жатыр екен. Нәтижесінде, ел бойынша 3 мыңнан астам үлгі зерттелген. Соған сүйенсек, елде риновирус, парогрипп, аденовирус, боковирус, коронавирус, РС вирусының айналымы анықталған. Яғни ресми ақпаратқа сенсек, биыл ел аумағында бұрын айналымда болмаған тұмаудың жаңа түрлері анықталмаған.

Қазір елде жедел респираторлық вирустық инфекциямен (ЖРВИ) ауырып жатқандардың 66%-ы – балалар болса, 34%-ы – ересектер. Кейінгі аптада елде ЖРВИ-дің 183 мың жағдайы тіркелген. Ал өткен аптада оқушылар арасында ЖРВИ-дің 6 мыңнан астам жағдайы және тұмаудың 13 жағдайы анықталыпты. Эпидемиялық маусымда емханалардың жұмысы күшейтілді. ЖРВИ-мен және тұмаумен сырқаттанушылықтың маусымдық өсуі жағдайында алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының жұмысы күшейтілген режімге көшті. Емханаларда фильтр кабинеттері жұмыс істейді. Эпидемияға қарсы режімнің барлық талабы сақталады. ЖРВИ және тұмаумен ауыратын науқастардың шамамен 80%-ы амбулаториялық жағдайда емделіп жатыр.

Статистикаға зер салсақ, жыл сайын елімізде ЖРВИ-мен 3-4 млн адам, тұмаумен 2 мың адам ауырады екен. Биыл эпидемиялық маусым басталғалы елде ЖРВИ-дің 1,5 млн жағдайы тіркелген. Жалпы, еліміздің кейбір аймақтарында вирустық инфекциялар күшейді дегенмен, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 20%-ға төмен деседі. Осыған қарамастан кейбір өңірдегі мектептерде ЖРВИ-мен ауыратын оқушылардың үлесі 30 пайыздан асып, уақытша онлайн оқуға ауысты.

Әлеуметтік желілерде «Гонконг» деп аталатын вирусқа қатысты түрлі ақпарат тарап жатқанынан бәріміз хабардармыз. Аңғарғанымыз, жаңсақ ақпараттардың салдарынан халық арасында тұмаудың жаңа ерекше штамы пайда болды деген түсінік қалыптасыпты. Шынтуайтында, «Гонконг» тұмауы вирустың жақында пайда болған түрі емес, бұрыннан бар. Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев баспасөз мәслихатында осы жөнінде түсінік берді.

– Жедел тарап жатқан жалған ақпарттарға байланысты ресми түсініктеме бергім келеді. Шын мәнінде, «Гонконг» деп аталатын А (H3N2) тұмауы жаңа вирус түрі емес, бұрыннан бар. Нақтыласақ, тұмаудың бұл түрі алғаш рет 1968 жылы анықталған. Сол кезден бастап тұмау әлем бойынша үнемі айналымда болды. Біздің ел аумағында вирустың осы түрі көп жылдан бар. Оны мерзімді маусымдық эпидемиялық үдерістің бір бөлігі деп түсінген дұрыс, – деді Т.Сұлтанғазиев жағдайдың анық-қанығын баяндап.

Суретті түсірген – Ерлан ОМАР, «EQ»

Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиевтің айтуынша, бүгінде алғашқы буын деңгейінде медициналық көмекті қамтамасыз ету үшін 995 мобильді бригада ұйымдастырылған. Олар пациенттердің үйіне барып, медициналық көмек көрсетеді. Сондай-ақ 1 800 фильтр кабинеті жұмыс істейді. Осындай кабинеттің жартысынан көбі жүкті әйелдер мен балаларға арналған. Шұғыл медициналық көмекті 1 600 жедел жәрдем бригадасы көрсетеді.

– Инфекциялық стационарлар мен мамандандырылған ауруханаларда стационарлық көмек көрсету үшін 11 мыңға жуық төсектік орын, оның ішінде 2 мың резервтік төсектік орын орналастырылды. Бүгінде 8 мыңнан астам пациент ауруханаға жатқызылды. Республика бойынша төсектік орын қорының 76%-ы бос емес,– дейді Тимур Сұлтанғазиев.

Спикер хабарлағандай, денсаулық сақтау ұйымдарында вирусқа қарсы және қызуды басатын препараттар, жеке қорғаныс құралдары мен дезинфекциялық құралдардың қоры жеткілікті. Білім беретін ұйымдарда, балабақшаларда оқушылар мен қызметкерлердің аурушаңдығы және сабаққа қатысуына байланысты күнделікті мониторинг жүргізіледі. ЖРВИ және тұмау белгілері бар балаларды анықтау үшін таңертең фильтр ұйымдастырылады. Сондай-ақ орталық және өңірлік деңгейде түсіндіру жұмыстары үздіксіз жалғасып жатыр екен.

– Инфекциядан мейлінше қорғану үшін қарапайым алдын алу шараларын ескерген жөн. Яғни адамдар көп жиналатын жерлерге, әсіресе, жабық бөлмелерге баруды шектеген жөн. Үй-жайларды үнемі желдетіп, антисептиктер мен дезинфекциялық майлықтарды пайдаланған дұрыс. Сосын, қолды жиірек жуған абзалырақ. Тұмау немесе ЖРВИ белгілері пайда болған кезде балаларды үйде қалдырып, ұйымдасқан ұжымдарға жібермеу керек,– деп тұмаудан сақтанудың жолдарын айтты Т.Сұлтанғазиев.

Құрметті тұтынушылар!

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – ҚР ЕХӘҚМ) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ЕРДО» АҚ) арнайы құқыққа жатқызылған қызметтері бойынша бағалар жобасы жөнінде жария тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Жария тыңдауды өткізу 2025 жылғы 12 желтоқсанда, сағат 16.00-де Қазақстан Республикасы, Астана қаласы Сығанақ көшесі 70-үй, 7-қабат, 704-кабинет мекенжайы бойынша жоспарланып отыр.

Қосымша ақпаратты келесі байланыс телефоны арқылы алуға болады: + 7 7172 95 43 17 – «ЕРДО» АҚ.

Мәлімет үшін:

• «ЕРДО» АҚ мекенжайы: Қазақстан Республикасы Астана қаласы Сығанақ көшесі 70;

• Интернет-ресурсының мекенжайы: https://erdo.enbek.kz/contacts

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, БСН: 990140002826, Қарағанды облысы әкімдігінің 2025 жылғы 7 қарашадағы №63/03 қаулысына сәйкес қайта ұйымдастырылып, Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Облыстық мәдениет пен өнерді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылатынын хабарлайды.

КГКП «Кинотеатр «Сарыжайлау» управления культуры, архивов и документации Карагандинской области, БИН: 110240017787, сообщает о своей реорганизации путём присоединения к КГКП «Областной научно-методический центр досуга и народного творчества» управления культуры, архивов и документации Карагандинской области, БИН: 990140002826. Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня опубликования данного объявления по адресу: г.Караганды, пр.Бухар-Жырау, 32, тел.: 8 (7212) 41 41 22, 8 (7212) 42 58 27.

«Техцентр Диалог» ЖШС, БСН: 020740008330, «RAMS International» ЖШС-ға (РАМС Интернешенал), БСН: 061140004465, қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 102, т.е.ү. 1 мекенжайы бойынша екі ай ішінде қабылданады.

ТОО «S.A.Sport», БИН: 241040014992, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования данного объявления по адресу: г.Астана, ул.12-95, дом 12/1, кв.41.
Тел.: 8 701 450 07 34.

ӨНЕР

Ән мен күй мерекесі

Алматыдағы Республика сарайының сахнасында Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының 90 жылдық мерейтойына арналған гала-концерт өтті. Қазақ музыкасының көпқырлы мұрасын филармония ұжымдарының жоғары кәсіби деңгейі арқылы паш еткен ән мен күй мерекесі ерекше мәдени оқиғаға айналды.

Арман ОКТЯБРЬ,
«Egemen Qazaqstan»

Филармония ардагерлері қызыл кілем үстімен салтанатты түрде жүріп өтіп, естелік суретке түсті. Сонымен қатар Алматы қаласы музейлер бірлестігі мен Ұлттық орталық музей ұжымы филармония шежіресі мен Нұрғиса Тілендиевтің өмірі және шығармашылығына арналған тағылымды көрме ұсынды. Көрермендер тарихи фотосуреттер мен сирек материалдар арқылы филармонияның 90 жылдық тарихымен танысып, тың мәлімет алды.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов филармония ұжымын мерейлі белесімен құттықтап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы жолдаған құттықтау хатын табыс етті.

«Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының құрылғанына 90 жыл толуымен құттықтаймын! Бұл – ұлттық музыка өнерінің мерейлі белесі. Әйгілі Ахмет Жұбанов негізін қалаған филармония ғасырға жуық уақыт ішінде халқымыздың рухани мұрасын дамытуға, өркениетіміздің өрісін кеңейтіп, қазақтың ән-күйін әлемге танытуға зор үлес қосты. Ұлт руханиятында айрықша із қалдырған көптеген тұғырлы тұлғамыз осы киелі сахнада өнер көрсетті. Өнегелі ұжым бүгінде кәсіби шеберлігін шыңдап, аға буынның тағылымды жолын жалғастырып келеді. Төл мәдениетімізді паш етіп, қалың көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп жүрген филармония қызметкерлеріне шынайы ризашылығымды білдіремін» делінген Президенттің құттықтау хатында.

Мерейтойлық жылды қорытындылаған кеште филармонияның барлық шығармашылық ұжымы өнер көрсетті. Олардың қатарында, Н.Тілендиев атындағы фольклорлы-этнографиялық академиялық «Отырар сазы» оркестрі, Т.Әбдірашев атындағы Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестр, Қазақстанның үрмелі аспаптар оркестрі, Б.Байқадамов атындағы Мемлекеттік хор капелласы, Мемлекеттік классикалық гитарашылар квинтеті, Ғазиза Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті аспаптар квартеті, Мемлекеттік қарағайлы-үрмелі аспаптар квинтеті, сонымен қатар белгілі солистер, домбырашылар мен пианистер бар. Олардың өнері кеш ажарын аша түсті.

Қазақ ән-күйлерімен қатар, әлемдік классиканың інжу-маржандары ұсынылды. Көрермен Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет», «Аққу» күйлері мен «Өз елім», «Құстар әні», «О, туған жер» әндерін, Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» шығармасын тыңдады. Сондай-ақ М.Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсындағы Мерекелік би, Бетховеннің 9-симфониясынан үзінді орындалды. Домбырашылардың «Баламишка», «Әлқисса» күй тартысы мен екі фортепианоға арналған күрделі туындылары кештің көркемдік деңгейін арттырды.

АЛМАТЫ

БӘРЕКЕЛДІ!

Сахнадан – бозкілемге

Орал қаласында қазақша күрестен «Өнер барысы» турнирі өтіп, оған облыстың мәдениет және өнер қызметкерлері қатысты.

Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

«Жайық арена» спорт кешенінде өткен тартысты іс-шараны Батыс Қазақстан облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен Ғарифолла Құрманғалиев атындағы облыстық филармония ұйымдастырған еді. Турнирге Жаңақала, Қазталов және Сырым аудандарынан, Орал қалалық мәдени-ағарту бірлестігі ұжымынан және облыстық филармониядан да күреске бейімі бар мәдениет қызметкерлері қатысты.

Сахнада, мәдени іс-шараларда көрінетін өнерпаздар бозкілемде белдесіп, өздерін жаңа қырынан танытты. Өте тартысты өткен додада Сырым ауданының командасы жеңімпаз атанды. II орын облыстық филармонияның «Атамекен» командасына бұйырса, жүлделі III орынды Жаңақала ауданынан келген палуандар қанжығасына байлады. Жүлдегер және жеңімпаз командалар диплом, медаль, қаржылай сыйлықпен марапатталды.

Батыс Қазақстан облысы

ТҮЙТКІЛ

Фотосуретшінің музей-үйі жөндеуге зәру

Павлодардағы Дмитрий Багаевтың музей-үйі XIX ғасырда тұрғызылған көне үйде орналасқан. Бұл үйде фотосуретші заманында әулие Мәшһүр Жүсіпті суретке түсіріп алған екен.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Дмитрий Багаевтың есімі Ертіс-Баян өңірінің халқына жақсы мәлім. XX ғасыр басында осында қоныс аударып, фотосуретшілікпен әуестене бастайды. Сөйтіп жүріп Павлодар қаласында алғашқы фотостудияны ашқан. Оның шығармашылығының нәтижесінде төңкеріске дейінгі Павлодардың келбеті көптеген фотосуретте сақталып қалды. Өнер иесі қаламен қоса алыс аудандарды да аралап, қаншама белгілі тұлғаларды, қазақтың салт-дәстүр үлгілерін, аштық жылдарын да суретке түсірген. Соның ішінде әулие Мәшһүр Жүсіп бейнесінің сақталып қалуына ықпал етті. Ол туралы бұған дейін газетімізде мақала жариялағанбыз.

Дмитрий Поликарпович тұрған үй 2001 жылы оның атындағы музейге айналды. Ол жергілікті маңызға ие тарихи және мәдени ескерткіштер қатарына енген. Алайда кейінгі 25 жылда ешбір жөндеу көрмегені белгілі болып отыр. Соның салдарынан қазіргі уақытта шатырынан су саулап, ғимарат ішіне кірген ылғал үйдің қабырғасы мен еденін бүлдіріп жатыр.

Музей-үйдің қызметкері Шолпан Әбікешованың айтуынша, көктем мен күзде төбеден сорғалаған суға музей ішіне шелектер қойылады. Тіпті кейбір жәдігерлер амалсыздан алынып та тасталады. Олай жасамаса, су тиіп бүлініп қала ма деп қорқады екен. Оның үстіне ғимарат электр қуаты арқылы жылытылады. Нысанның жартылай ағаштан салынуы мұндай жағдайда өрт қаупін күшейтіп отыр.

«Тарихи нысанға ішінара жөндеу жүргізу мүмкін емес, оны толықтай жөндеу керек. Іргетасы, қабырғалары, төбесі, электр желілері, барлығы жөндеуге сұранып тұр. Реставрациялық жоба дайын. Жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес барлық шығынға 100 млн теңгедей қаражат қажет», дейді Г.Н.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің басшысы Арман Әлиакпаров.

Бірақ жөндеуге қажет қаражат әзірше табылмай тұр. Музей қызметкерлері келер жылы ойлағандары болып қала ма деп үміттенеді.

Павлодар облысы

ЖАЗЫЛЫМ – 2026

Kaspi QR

«Egemen Qazaqstan» газетіне жазылу

Жазылым ақысын төлеуге QR арқылы өтіңіз

ҒАЛАМ ҒАЖАПТАРЫ

Машина жөндейтін камера

«SoundCam Go» – дыбысты «көре» алатын алғашқы портативті камера. Бұл шағын құрылғы смартфонмен және арнайы қосымшамен жұмыс істейді.



Мақсаты – автомобильдегі жасырын ақауды, электр тізбегіндегі ызылдаған дыбысты немесе көзге көрінбейтін кез келген шуды лезде анықтау. Камераға ақауды дәл табуға 72 микрофоннан тұратын матрица көмектеседі. Жұмыс істеу қағидаты фазалық антенна жүйесіне ұқсайды. Құрылғы әр дыбыстың таралу уақытын салыстырып, оның нақты қайдан шыққанын анықтап, сызба жасайды. Осылайша, мамандар да, қарапайым жүргізушілер де ақаудың орнын көзбен көргендей дәл таба алады.

Ежелгі тіршілік белгісін тапты

Ғалымдар миллиардтаған жыл бұрын қалыптасқан тастардан тіршілік белгісін тапты.

Зерттеушілер заманауи химиялық әдістерді ЖИ технологиясымен біріктіру арқылы нәтижеге қол жеткізген. Арнайы оқытылған модельдер тірі организмдер қалдырған ұсақ молекулаларды танып, олардың уақыт өте ыдырағанына қарамастан, тіршілік белгілері бар екенін анықтаған. Зерттеу көрсеткендей, фотосинтез үдерісі мен оттегінің түзілуі қазіргі болжамнан шамамен миллиард жыл ертерек басталған.

Дайындаған –
Айтолған ЖҮНІСХАН,
«Egemen Qazaqstan»

Суреттер ашық дерекқоздерден алынды

ЖАЗЫЛЫМ – 2026

EGEMEN QAZAQSTAN
Газетке «Қазпошта» АҚ арқылы жазылу құны

Индексі	Жазылушы санаты	1 ай/теңге	3 ай/теңге	6 ай/теңге	12 ай/теңге
65392	жеке жазылушылар үшін (ауыл/аудан)	2 288,11	6 864,33	13 728,66	27 457,32
15392	кәсіпорындар мен ұйымдар үшін ауыл/аудан	3 563,11	10 689,33	21 378,66	42 757,32
15392	кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	4 510,55	13 531,65	27 063,30	54 126,60

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылдың 17 желтоқсанынан шығады

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС

Бас директор Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ
Бас директордың бірінші орынбасары Виктор ПРЯНИКОВ
Бас директордың орынбасары Қамбар АХМЕТ
Бас директордың орынбасары Айгүл БАЙХАН
Бас директордың орынбасары – Алматы басылымдарының жетекшісі Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ

Бас редактор Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ
Бас редактордың орынбасарлары Талғат БАТЫРХАН, Қуат ӨУЕСБАЙ, Орынбек ПАЗЫЛ
Жауапты хатшы Амангелді ҚИЯС
Интернет-редакция жетекшісі Абай АЙМАҒАМБЕТ

Бөлім меңгерушілері
Саясат және құқық Орынбек ӨТЕМҰРАТ
Экономика және өндіріс

Білім және ғылым Азамат ЕСЕНЖОЛ
Мәдениет және әдебиет Жәнібек ӘЛИМАН
Әлеумет және спорт Жомарт ОСПАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Абай облысы – Бақытбек Қадыр	тел.: 8 7056450424
Алматы облысы – Ұлбосын Исабек	тел.: 8 7471835704
Ақмола облысы – Байқал Байәділ	тел.: 8 7759549863
Атырау облысы – Жолдасбек Көшербайұлы	тел.: 8 7760068003
Ақтөбе облысы – Баян Қуандықызы	тел.: 8 7014890223
Батыс Қазақстан облысы – Қазбек Құттымұратұлы	тел.: 8 7475011901
Жамбыл облысы – Табиғат Мұсылманқұл	тел.: 8 7755342262
Жетісу облысы – Мұхтар Күмісбек	тел.: 8 7753010129
Қарағанды облысы – Қасымхан Ғалым	тел.: 8 7785829696
Қостанай облысы – Нұрқанат Құлабай	тел.: 8 7775800024
Қызылорда облысы – Мұрат Жетпісбай	тел.: 8 7018598809
Маңғыстау облысы – Гүлайым Дәуітбай	тел.: 8 7020071776
Павлодар облысы – Мұрат Қапанұлы	тел.: 8 7051528557
Солтүстік Қазақстан облысы – Жақсыбай Самрат	тел.: 8 7026398400
Түркістан облысы – Ғалымхан Елшібай	тел.: 8 7026089198
Шығыс Қазақстан облысы – Мерей Қайнарұлы	тел.: 8 7056238817
Шымкент қаласы – Өнуар Жұмашбай	тел.: 8 7763266898
Ұлытау облысы – Жұлдыз Тойбек	тел.: 8 7756688366

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Астана: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@kazgazeta.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
8 (7172) 37-60-49, 37-64-48,
egemen_adv@mail.ru

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады
«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 6 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті қайта есепке қою туралы
№KZ21VPY00062701 куәлікті 2023 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**

ТАРАЛЫМЫ 50 030 дана

ISSN 1999-9720

Нөмірдің кезекші редакторы
Елігімай ТӨҢКЕР